Бейэквиваленттілік – басқа мәдениетте жоқ сөздерді екінші бір тілге аударғанда дәл аудармасының болмауынан басқа сөзбен түсіндіріліп берілуі, бір тілдегі сөздердің басқа тілдерде эквиваленттінің болмауы. Біз бейэквивалент-тілік лексиканы аударылатын тілдің сөздік құрамында эквиваленті жоқ, негізгі тілдің лексикалық бірлігі ретінде, яғни негізгі лексикалық бірліктер мағыналарының бір нұсқасының көмегімен анықтай аламыз. Ю. Н. Караулов «Общая и русская идеография» атты еңбегінде, «тілдердің лексикалық құрамының классификациясы, ереже бойынша ортақ, негізгі бөлікке ие, сонымен қатар оның ерекшеліктері байқалатын перифериялық частоттары да бар екенін және сол немесе басқа тілдің өзгешелігі абстракцияның ең жоғарғы деңгейінде жоқ болып кететінін, ал перифериялық иерархиялық қатынастарды талдауда лакуналар бөлініп шығатынын, лакуналардың пайда болуына мәдени-тарихи, этнографиялық факторлар себеп болуы мүмкін» дегенді айтады [4, 61, 244 б.].

Бейэквиваленттілік лексикасына белгілі мәдениет реалиін ерекшелігін білдіру үшін қолданылатын сөздер жатады. Реалий мен оларды білдіретін сөздер де дара, жалғыз болып табылады. Сондықтан да біз оларды ештеңемен салыстыра да салғастыра да алмаймыз. Бейэквиваленттілік лексикасының үлкен бөлігін деректі заттарды білдіретін зат есімдер құрайды. Олар:

- 1) үй шаруасында қолданылатын заттардың атауы: *төсеніш, құрақ көрте, қоржын* т.б.;
- 2) киім атаулары: *сәукеле, кимешек, жсаулық, шекпен* т.б.;
- 3) тағам атаулары: *шелтек, бауырсақ, жент, талқан, қоспа* т.б.;
- 4) еңбек құрал-саймандары: *диірмен, келі, келсап, астау, аяққап* т.б.;
- 5) музыкалық аспаптар: *домбыра, қобыз, шаңғыауыз* т.б.

Белгілі бір құбылыс, зат, нәрсе, ұғым тек қазақ халқына ғана тән, осыған орай сол құбылыстың, заттың, нәрсенің, ұғымның атауы неміс немесе орыс халықтарының өмірінде жоқ болғандықтан олардың сөздік қорында сәйкес сөздер де жоқ. Қазақ халқы айнала қоршаған дүниені түрліше қабылдауы мүмкін, соның нәтижесінде үш тілде де денотатқа негізгі тіл иелері нақты номинациялық атау береді де, аударылатын тіл иелері өздері өмір сүріп отырған ортада ол денотаттың бар екендігіне қарамастан номинациялық атау бермейді.

Ал, біздің зерттеу жұмысымыздағы салғастырылып отырған үш тілдегі *нан* атауларындағы тілдік бірліктерімен немесе тілдік ұғымдарымен салғастыру мүмкін емес тілдік бірліктерді бейэквиваленттілік деп атауға болады. Мысалы, қазақ тіліндегі *бауырсақ, бәтір, бөкпен, жаппа нан,*

дөңгелек, кеспе, күлше, көмбе, қазанжаппа, салма, таба нан, тандыр нан, тоңкерме, шөлпек, қатырма, қарма, құйрық май қосқан таба нан, нарын сөздерінің неміс тілі мен орыс тілдерінде эквиваленті жоқ. Ал, орыс тіліндегі *каравай, коврига, корж, кулебяка, капуста, кулич, расстегай, рыбник, рогалик, розан, ромовая баба* сөздері қазақ және неміс тілдеріне бейэквиваленттілік болып табылады. Неміс тіліндегі *Printe, Knaeckebrot, Kommissbrot, Julbrot, Kaiserschmarren, Speckkuchen, Speklatius, Zwiebelkuchen, Pfefferkuchen, Pfefferkuchenhaeuschen* сөздерінің қазақ, орыс тілдерінде эквиваленті жоқ.

Үш тілдегі *нан* атауларын салғастыра қарастырғанымызда, олардың этнолингвистикалық қыр-сырының ашыла түсетіндігіне көз жеткіздік. Зерттеу барысында қазақ, орыс, неміс тілдеріндегі *нан* атауларының лексика-семантикалық өрісіндегі лексемалардың өзара қатынастары мен олардың арасындағы өзгешеліктерін, ұқсастықтарын тауып, айқындадық.

Қазақ, орыс және неміс тілдеріндегі *нан/хлеб/Brot* лексика-семантикалық өрісіндегі *нан* лексемаларында сол халықтардың ұлттық мәдени ерекшеліктері, тарихы, тұрмысы, сонымен қатар этникалық және әлеуметтік дифференциясы айқын байқалады. Салғастырылатын әрбір тілде *нан* атаулары ерекше орынға ие. Бұл осы атауларда халықтың мәдени және этнографиялық өзгешеліктерінің болуымен түсіндіріледі.

Үш тілдегі *нан* атауларын неге салынып және қалай пісірілетініне қарай мынадай топтарға бөлеміз:

- Пешке пісірілген;
- Тандырға пісірілген;
- Табаға пісірілген;
- Күлге;
- Қазанға;
- Сорпа-суға қайнатып пісірілген;
- Буға пісірілген;
- Майға қуырылған.

Құрамына қарай:

- құйрық май қосылған таба нан;
- жылқы майы қосылған;
- шошқа майы қосылған;
- шөңгіш қосылған;
- ром қосылған.

Сыртқы пішініне қарай:

- Төрт бұрышты;
- Дөңгелек;
- Домалақ;
- Қиықша;

- Сопақша.

Түсіне қарай:

- Ақ;
- Қара.

Осындай топтарға бөлінген үш тілдегі *нан* атауларының құрылымын қазақ, орыс, неміс тілдеріндегі лексемаларының өзгешеліктері арқылы айқындап, олардың арасындағы ұқсастықтары мен айырмашылықтарын табу мақсатында салғастырмалы тұрғыда талдау жасадық. Халықтың шынайы өмірі қамтылып көрсетілетін *нан/хлеб/Brot* лексика-семантикалық өрісінің лексемаларын салғастырып зерттеу, оның өткен өмірін, тұрмысын, әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрін еске түсіріп тереңірек біле түсуге септігін тигізеді.

Кесте 1 – Қазақ тіліндегі *нан* бірліктерінің неге салынып пісірілетініне қарай бөлінетін түрлері

Нан				
Пешке	Таба	Тандырға	Қазанға	Күлге
Батон	<i>Таба нан</i>	<i>Тандыр нан</i>	<i>Бөтір</i>	<i>Көмбе</i>
Сайка		<i>Тандыр самса</i>	<i>Қазан жаппа</i>	<i>Көмеш</i>
Қалаш		<i>Лаваш</i>	<i>Жаппа нан</i>	<i>Күлді-көмеш</i>
Тоқаш			<i>Қақтама</i>	<i>күлшетай</i>
Хала			<i>Қарма</i>	
Токыма				
Витушка				
Галеттер				
Гамбургер				
Пицца				
Шүрек				
Сандвич				

Қазақ, орыс және неміс тілдеріндегі *нан* атауларының «неге салынып пісірілетінін» түрлеріне жіктей отырып, «табаға», «тандырға», «қазанға», «күлге көміп» пісірілетін түрлерінің тек қазақ тіліне тән екенін, ал орыс және неміс тілдеріндегі *нан* өнімдерінің негізінен пешке пісірілетінін анықтадық.

Жалпы алғанда *нан/хлеб/Brot* лексика-семантикалық өрісінің қазақ, орыс және неміс тілдеріндегі құрамы бірдей («нан-тоқаш өнімдері», «кондитерлік өнімдер», «сорпа-суға қайнатылатылып пісірілетін», «майға қуырылатын», «салма қосып пешке пісірілетін»), алайда оларға орыс тілінде «буға пісірілетін», қазақ тілінде «буға пісірілетін», «жарма» қосылады.

Кесте 2 – Қазақ тіліндегі нан атауларының түрлері

Нан-тоқаш өнімдері	Кондитерлік өнімдер	Нан				
		Сорпа-суға қайнатылып пісірілетін	Бұға пісіретін	Майға қуырылатын	Салма қосып пешке пісірілетін	Жарма
1	2	3	4	5	6	7
Бәтір	Вафля	Вареники	Мөңгі	Бауырсақ	Бүктеме	Быламық
Бөлке	Ватрушка	Вермишель	Орама	Бәліш	Қарыма	Бөкпен
Бұрама нан	Коржик	Кеспе		Құймақ	Қаусырма	Жанышқан тары
Батон	Кекс	Лапша		Топтама	Пәрамаш	Жент
Буханка	Крекер	Лағман		Шелпек	Самса	Май шұрқан
Бутерброд	Пахлава	Макарон		Шәк-шәк	Үчпочмақ	Майсөк
Галета	Пряник	Нарын			Чебурек	Талқан
Гамбургер	Пирожне	Рожки				
Крендель	Пешәнәй	Спагетти				
Күлді-көмеш	Рулет	Тұшпара				
Қазанжаппа	Торт					
Қалаш	Шарлотка					
Құйрық май қосылған таба нан	Хворст					
Лаваш	Эклер					
Пицца						
Сайка						
Сандвич						
Таба нан						
Тандыр нан						
Тоқаш						
Төңкерме						
Хала						
Ширатпа						
Шүрек						

Хлеб лексика-семантикалық өрісіндегі нан атауларын дайындалу әдістеріне қарай мынандай: нан-тоқаш бұйымдары, кондитерлік тағамдар, сорпа-суға, бұға пісірілетін және майға қуырылатын тағамдар деп бес топқа бөліп, олардың қазақ және неміс тілдеріндегі бірліктерден айырмашылықтарын тауып анықтадық.

Халықтың орналасқан географиялық аймағы, климаты, айналысатын кәсібі мен шаруашылығының ерекшеліктеріне орай бір халық тіліндегі дербес атау, неше түрлі ассоциация беретін лексеманың екінші тілде болмауы – заңды құбылыс. Бейэквивалентті лексика салғастыра зерттеулерде, аударма теориясы мен тәжірибесінде айқындалады.

Кесте 3 – Орыс тіліндегі хлеб атауларының неге салынып пісірілетініне қарай бөлінетін түрлері

	Хлеб				
	Пешке	Таба	Тандырға	Қазанға	Күлге
Батон	-	-	-	-	-
Сайка	-	-	-	-	-
Қалаш	-	-	-	-	-
Тоқаш	-	-	-	-	-
Хала	-	-	-	-	-
Тоқыма	-	-	-	-	-
Витрушка	-	-	-	-	-
Бутерброд	-	-	-	-	-
Галеттер	-	-	-	-	-
Гамбургер	-	-	-	-	-
Пицца	-	-	-	-	-
Шүрек	-	-	-	-	-
Лаваш	-	-	-	-	-
Сандвич	-	-	-	-	-

Кесте 4 – Орыс тіліндегі хлеб атауларының пісірілу түрлері

Нан-тоқаш бұйымдары	Кондитерлік тағамдар	Хлеб			
		Сорпа-суда қайнатылып пісірілетін	Бұға пісірілетін	Майға қуырылатын	Салма қосып пешке пісірілетін
1	2	3	4	5	6
Батон	Пряник	Пельмени	Манты	Пончики	Пирогы
Буханка	Печенье	Вареники	Рулет	Пирожки	Калинник
Сайка	Кекс	Лапша		Чебуреки	Кулебяка
Қалач	Торт	Спагетти		Беляш	Капустник
Каравай	Пирожне	Макароны		Блины	Курник
Хала	Баба	Вермишель		Оладьи	Паштет
Булка	Ромовая баба	Клецки			Рыбник
	Ватрушка	Рожки			Үчпочмақ
	Коржик				
	Крекер				
	Пахлава				
	Рулет				
	Шарлотка				
	Эклер				
	Хворст				
	Вафля				
Крендель					

Кулич				
Лепешка				
Лаваш				
Витушка				
Плюшка				
Плетенка				
Пышка				
Булочка				
Розан				
Рогалик				
Чурек				
Сэндвич				
Пицца				
Гамбургер				
Бутерброд				
Галета				
Сухарь				
Тартинка				
Гренки				
Баранка				
Бублик				
Сушка				

Кесте 5 – Неміс тіліндегі *Brot* бірліктерінің пісірілу түрлері

Пешке	Brot			
	Таба	Тандырға	Қазанға	Құлге
1	2	3	4	5
Baquette	-	-	-	-
Bauernbrot	-	-	-	-
Landbrot	-	-	-	-
Brötchen	-	-	-	-
Butterbrot	-	-	-	-
Stulle	-	-	-	-
Brezel	-	-	-	-
Butterkrenzel	-	-	-	-
Eierschecke	-	-	-	-
Zöpfe	-	-	-	-
Zwieback	-	-	-	-

Früchtebrot	-	-	-	-
Hamburger	-	-	-	-
Gebildbrot	-	-	-	-
Graubrot	-	-	-	-
Julbrot	-	-	-	-
Knäckebröt	-	-	-	-
Kommissbrot				
Kringel				
Milchbrot				
Pizza				
Pumpnickel				
Vollkornbrot				
Opferbrot				
Schrotbrot				
Toast				

Неміс тіліндегі *Brot* өнімдерін пісірілу түрлері мен әдістеріне қарай алты топқа бөліп қарастырдық. Олар: нан-тоқаш бұйымдары, кондитерлік тағамдар, сорпа-суға қайнатылып пісірілетін, буға пісірілетін, майға қуырылатын және салма қосып пешке пісірілетін *нан* тағамдары.

Кесте 6 – Неміс тіліндегі *Brot* өнімдерінің пісірілу түрлері

Нан-тоқаш бұйымдары	Кондитерлік тағамдар	Brot		
		Сорпа-суға қайнатылып пісірілетін	Майға қуырылатын	Салма қосылып пешке пісірілетін
1	2	3	4	5
Baquette	Apfelkuchen	Brotsuppe	Beignet	Bohnenkuchen
Bauernbrot	Apfelstrudel	Fleckerl	Fladen	Cannelloni
Landbrot	Baumkuchen	Fleckerlsuppe	Kaiserschmarren	Pirogge
Brötchen	Biskuit	Fleischklößchen	Pfannkuchen	Strudel
Butterbrot	Krockette	Makkaroni	Eierkuchen	Käsestange
Stulle	Eclair	Maultasche	Plinse	Quarkkäulchen
Brezel	Torte	Nudel	Spritzkuchen	Quarkkuchen
Butterkrenzel	Tortelett	Nudelsuppe		Speckkuchen
Eierschecke	Waffel	Spaghetti		Zwiebelkuchen
Zöpfe	Teegebäck			Pastete
Zwieback	Gebäck			
Früchtebrot	Gutse(r)l			

Hamburger	Kranzkuchen			
Gebildbrot	Königskuchen			
Graubrot	Keks			
Julbrot	Hönigbrot			
Knäckebröt	Klöben			
Kommissbrot	Kolatsche			
Kringel	Kräpfen			
Milchbrot	Kuchen			
Pizza	Lüffelbiskuit			
Pumpernickel	Lukullus			
Vollkornbrot	Makrone			
Opferbrot	Mohnkuchen			
Schrotbrot	Nußgebaeck			
Toast	Petits fours			
	Pfefferkuchen			
	Pfefferkuchenhäuschen			
	Printe			
	Quiche			
	Rosinenkuchen			
	Sahnetorte			
	Sandkuchen			
	Spekulatius			

Бейэквивалентті лексиканың екінші тілде дәл баламасы, сөздіктегі сәйкестігі болмайды, бейэквивалентті лексика – бір халықтың материалдық-рухани мәдениетіне тән, бір тілде ғана нақты тілдік бірліктермен белгіленген, өзге тілдерде сыртқы нысаны, ұғымдық-мазмұндық көлемі бірдей сәйкестігі жоқ тілдік бірліктер дегенді білдіреді.

Бейэквивалентті лексика халықтың материалдық және рухани мәдениетінен хабардар ететін барлық мәліметтерді сақтайтын, екінші бір халықтың мәдениетіне тән емес, сондықтан сөздік құрамында жоқ бірліктер жатқызылады. Тілдер арасындағы бұндай айырмашылықтар әсіресе ұлттық тағамдардың атаулары, мәдени-тұрмыстық атаулар, туыстық атаулар, халық дәстүрлерін, діни салттарды атайтын сөздер арқылы танылады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Влахов, С., Флорин, С. Непереводимое в переводе. – М., 1986.
- 2 Верещагин, Е. М., Костамаров, В. Г. Язык и культура: Лингвострановедение в преподавании русского языка как иностранного. – М., 1983.
- 3 Бархадуров, Л. С. Язык и перевод. Вопросы общей и частной теории перевода. – М., 1975.

4 Караулов, Ю. Н. Структура лексико-семантического поля // Научные доклады высшей школы. Филологические науки. – 1972. – №1.

С. Торайгыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті,
Павлодар қ. Материал 04.01.12 редакцияға түсті.

Д. Е. Капанова

Безэквивалентность лексических единиц в лексико-семантическом поле нан/хлеб/brot

Павлодарский государственный университет
имени С. Торайгырова, г. Павлодар.
Материал поступил в редакцию 04.01.12.

D. E. Kapanova

Non-equivalence of lexical units in the lexical-semantic field nan/hleb/Brot

Pavlodar State university named after S. Toraigyrov,
Pavlodar. Material received on 04.01.12.

В этой статье рассматривается безэквивалентность лексических единиц в лексико-семантическом поле нан/хлеб/Brot.

This article focuses on the non-equivalence of lexical units in the lexical-semantic field nan/hleb/Brot.

ӘОЖ 81'362

Д. Е. Капанова

НАН/ХЛЕБ/BROT ЛЕКСИКА-СЕМАНТИКАЛЫҚ ӨРІСІНДЕГІ СЕМАЛЫҚ АЙЫРМАШЫЛЫҚТАР

Берілген мақалада нан/хлеб/brot лексика-семантикалық өрісіндегі семалық айырмашылықтары қарастырылады.

Сөз – тіл білімінің барлық саласының негізгі зерттеу объектісінің бірі болып саналады. Алайда тіл білімінің әр саласы сөздің бір қырын өз объектісі етіп алады да, өз заңдылықтары негізінде сөз етеді. Сөз мағынасына

байланысты айтылатын қағидалар тек тіл теориясының ғана дамуына қатысты емес, оның тәжірибе үшін де мәнісі зор. Сөз семантикасы тек тілшілердің пікір таласына арқау болып қоймастан, ол философияның да, психологияның да, семиотиканың да ойларына азық болып жүр. Жалпы сөз семантикасы философияның кей категорияларымен байланысты екенін ғалымдар бұрыннан білген болатын.

Тілдік жүйе табиғи тілдің ішкі заңына үйлес, сөздік құрам мен грамматикалық құрылыстың тұрақты қарым-қатынасқа түскен элементтерінің бірлігі мен тұтастығы.

Тілдік жүйенің бірліктері арасынан сөздің орнын анықтай отырып, тілдік құрылымның жүйесі мен сөздік құрамның арасындағы байланысты да анықтай аламыз.

Лексика-семантикалық өріс лексикалық жүйенің парадигмалық қатынасына негізделеді де, олар сол жүйенің элементтерінің тең дәрежелі байланысына сүйенеді.

Лексика-семантикалық өріс пен лексика-семантикалық байланыс түрлерін ғалымдар әр алуан қырынан зерттеп келеді.

Біздің алдымызға қойып отырған мақсатымыз *нан* атауларының мағыналық өрісін талдап, екшеп, зерттеу болды.

Тілді жүйелердің жүйесі ретінде алып қарастыру қазіргі тіл білімінің басты тұжырымдарының бірі болып есептеледі. Тіл бір-біріне тәуелді бірнеше кіші жүйелердің байланысынан тұратын біртұтас жүйені құрастырады.

Тілді өзіндік құрылымы бар, бір-бірімен тығыз байланыста болатын бөлшектердің яғни кіші жүйелерден тұратын құбылыс ретінде қарастырсақ, лексика аталған кіші жүйелердің бірі ретінде танылады.

Тіл білімінде бірліктердің топтамасы өріс теориясының зерттеу нысаны болып табылады. Өріс – зат, ұғымдардың қызметтік және мағыналық ұқсастығы бар құбылыстардың лексикалық жиынтығы.

Қазіргі тіл білімінде халықтың тамыры тереңде жатқан салт-дәстүрін, мәдениетін, адамгершілік бастауларын жаңа көзқараспен қарап, түсінуге көмектесетін тілдің этнолингвистикалық аспектілеріне, байланыстарына ерекше ықылас танытылуда. Бұл тұтастай халықтың тіліне деген үлкен құрмет қана емес, сонымен қатар тілдің кең ауқымды қанат жаюына, ашылмаған сырлары мен зерттелмеген тұстарын айқындауға мол мүмкіндік береді.

Өз зерттеу жұмысымыздың барысында осы айтылған ойларымызды тағы да нақтылай түскендейміз. Демек жер бетіндегі қай ұлттың болмасын өз тіліне ғана тән ерекшеліктерімен қоса, ұқсас тұстарының болатыны мәлім. Бұл құбылыс, әсіресе, тұрмыстық атауларда көптеп кездеседі.

Біздің бұл мақаламызда *нан* атауларына қазақ, орыс және неміс тілдері мен мәдениетін салғастыру арқылы талдау жасалынды. Генетикалық және типологиялық жағынан сәйкес келмейтін қазақ, орыс және неміс тілдеріндегі

нан атауларын салғастырмалы тұрғыда талдау мынандай қорытындылар жасауға мүмкіндік береді.

Нан/хлеб/Brot лексика-семантикалық өрісі тек-түрлік принципі бойынша біріккен лексемалардан тұрады. Оның құрамында көлемі мен мағынасы жағынан атаулардың тек-түрлік ұғымдарын білдіретін гиперонимдер мен гипонимдер бөлініп шығады. Мақаламызда лексика-семантикалық өріс жалпы «*нан*» мағынасын білдіретін атаулардың ұғымдық иерархиясы ретінде қарастырылды. Әрбір *нан* атауы өзінің мағынасы, көлеміне қарай иерархияда белгілі орынды иеленеді. *Нан/хлеб/Brot* лексика-семантикалық өрісі лексикалық бірліктері ортақ *нан* семантикалық компоненті негізінде әр түрлі жүйелі-семантикалық қатынастармен (синонимиялық, антонимиялық, гипер-гипонимиялық) байланысып жатқан біріккен сөздер тобы. Өріс құрамындағы бірліктер өзара қарым-қатынасқа түсіп, бір-бірімен тығыз байланысты.

Нан/хлеб/Brot лексика-семантикалық өрісі тіл лексикасының семантикалық құрылымының нағыз мысалы болып табылады.

Нан/хлеб/Brot лексика-семантикалық өрісі, жалпылаушы мағыналары *нан/хлеб/Brot* архилексемалар төңірегіне біріктірілген лексикалық бірліктердің жиынтығы ретінде оның құрамына енген тілдік бірліктердің заттық, ұғымдық немесе функционалды қасиеттерін қамтып көрсетеді.

Нан/хлеб/Brot лексика-семантикалық өрісі, оны ұйымдастыратын лексемалардың жүйелі өзгешелігімен, яғни лексикалық бірліктердің өзара тәуелділігімен, өзара анықталатындығымен, сонымен қатар салыстырмалы автономдығымен және сол өрістегі сөздердің жалпы лексикалық жүйеде біршама оңай айқындалатындығымен сипатталады.

Нан/хлеб/Brot лексика-семантикалық өрісіндегі бірліктердің жүйелі ерекшелігі оның құрылымында синонимия, антонимия және гипер-гипонимиялық корреляциялары болатындығы нақты мысалдармен дәлелденді.

Нан/хлеб/Brot лексика-семантикалық өрісіндегі синонимиялық қатынастар көбінесе бір-бірімен сәйкес келіп, бір-бірін анықтап тұрады.

Біз қазақ, орыс және неміс тілдеріндегі *нан/хлеб/Brot* лексика-семантикалық өрісіндегі жүйелі-семантикалық қатынастардың бірі – синонимиялық корреляцияларда ортақ белгілердің болуымен қатар, әр тілдің өзіне ғана тән ерекшеліктерін де ажыраттық. Олар бір тілде бар синонимиялық корреляциялардың екінші бір тілде мүлдем кездеспеуі, кездесе қалса, саны жағынан тең түспеуімен ерекшеленеді. Бұл әр тілдің өзіндік ерекшелігін танытатындығымен байланысты екендігі даусыз.

Қазақ, орыс және неміс тілдеріндегі *нан* атауларындағы мағыналары толығымен немесе жартылай сәйкес келетін, контекстерде бірін-бірі алмастыра алу мүмкіндіктері бар лексикалық бірліктердің синонимдік қатарларын жинақтадық.

Қазақ тіліндегі синонимдік сөздіктен: *Жент // қоспа. Жент // қоспа* – тары мен бидай талқанынан, үгітілген ірімшіктен қант, май қосып жасалған тағам [1, 258 б.] деген бір синонимдік байланыс қатарын және неміс тіліндегі синонимдік сөздіктен: *Hönigkuchen r // Syn. Lebkuchen r* [2, 366 б.]; *Sandtorte e // Sandkuchen r* [2, 596 б.] сияқты екі синонимдік корреляциялар қатарын таптық, ал орыс тілдеріндегі синонимдік сөздіктерде *нан* атауларына байланысты синонимдік жұптарды кездестірмедік.

Мұны бұл сөздердің деректі мағыналарымен түсіндіруге болады. Алайда, бұл сөздер синонимдік сөздіктерде көрсетілмесе де синонимдік мағыналарының ұқсастықтары бізге ол сөздерді «синонимдер» деп есептеуге мүмкіндік береді деп есептейміз.

Нан/хлеб/Brot лексика-семантикалық өрісіндегі *нан* атауларының бірліктері қазақ тілінде төрт, орыс тілінде жеті, неміс тілінде он бір синонимдік корреляциялар қатарын түзеді.

Біздің зерттеу жұмысымызда салғастырылып алып отырған үш тілдегі *нан* атауларының лексика-семантикалық өрісінде антонимиялық байланыстар мүлдем кездеспейді деуге де болады. Алайда, қарастырып отырған жұмысымызда қазақ, орыс және неміс тілдеріндегі *нан/хлеб/Brot* лексика-семантикалық өрісіндегі *нан* бірліктерінің арасында орнайтын антонимиялық байланыстар *нан* атауларының түрін-түсін, қасиеттерін, салмақтарын бір-бірімен қарама-қарсы қойып, қайшы мәндес сөздер негізінде анықталды.

Талдау барысында үш тілдегі де антонимдік сөздіктерден *нан* атауларына қатысты антонимдік жұптарды кездестірмедік. Әйтсе де, біздің жинастырған материалымыздағы *нан* атауларындағы лексемалардың ұғымдарындағы қарама-қарсылық мәндері, бір сөз таптарынан болуы бізге бұл бірліктерді антонимдік қатарларға жатқызуымызға мүмкіндік береді деп санаймыз.

Жүргізілген талдаулардан лексика жүйесіндегі негізгі семантикалық байланыс болып саналатын иерархиялық гипер-гипонимиялық қатынастың *нан* атауларының лексика-семантикалық өрісіндегі барлық атауларда орнай бермейтінін байқаймыз.

Қолымыздағы материалдарды қолдана отырып, үш тілдегі *нан/хлеб/Brot* лексика-семантикалық өрісіндегі лексикалық бірліктерді лексика-семантикалық өрісті құрайтын негіз ретінде қарастырдық.

Жұмыста жалпылаушы (интегралды) және даралаушы (дифференциалды) семаларымен анықталатын *нан/хлеб/Brot* лексика-семантикалық өрісті құрайтын 277 *нан* атауы бір жүйеге түсіріліп *нан* ұғымының үш тілдегі тілдік табиғаты жан-жақты қарастырылды. Қазақ, орыс және неміс тілдеріндегі *нан* атаулары – үш ұлттың рухани негізі мен байлығы, өйткені ол халықтың бүкіл өткені мен бүгінгісін, мәдени қазынасын сақтап келеді. Олар ұрпақтан-ұрпаққа мұра болып келе жатқан табиғат құбылыстарын, салт-дәстүрлерін, тілдің семантикасын, яғни тілдік мағыналардың маңыздылықтарын сақтайды.

Қазақ, орыс, неміс халықтарының *нан* атауларындағы лексикалық бірліктердің ерекшеліктерін салғастыра зерттеу арқылы олардың ортақтықтары мен өзгешеліктері анықталды. *Нан/хлеб/Brot* лексика-семантикалық өрісіндегі *нан* атауларының неге салынып пісірілетініне байланысты «пешке», «табаға», «тандырға», «қазанға», «күлге көміп пісірілетін» және пісірілу түрлері бойынша «нан-тоқаш өнімдері», «кондитерлік өнімдер», «жарма», «сорпа-суға қайнатылатын», «буға пісірілетін», «майға қуырылатын», «салма қосып пешке пісірілетін» деп ажыраттық.

Нан/хлеб/Brot лексика-семантикалық өрісіндегі *нан* бірліктеріне жүргізілген компоненттік талдау *нан* атауларының «сыртқы пішініне» қарай қазақ тілінде *домалақ бауырсақ, бармақ бауырсақ, жалтақ бауырсақ, бұрама бауырсақ, еспе бауырсақ, қықша, сәлде, учпочмак*, орыс тілінде *ромовая баба, блины, кекс, корж, кулич, курник, пряник, расстегай, рыбник, калач, каравай, коврига, учпочмак*, неміс тілінде *Baguette e, Zopf r, Gebildbrot s, Brezel e, Fladen r, Kolatsche e, Kringel r, Spritzgebäck*, «құрамына» қарай қазақ тілінде *құйрық қосылған таба нан*, орыс тілінде *калинчик, ромовая баба*, неміс тілінде *Speckkuchen r, Spekulatius r, Zwiebelkuchen r, Pfefferkuchen r, Pfefferkuchenhäuschen s* деген түрлерін, «қамырдың түсіне» қарай үш халықта да *нан ақ, қара ұндардан* пісірілетінін, ал «қамырдың түріне» қарай *нан өнімдері* үш халықта да *ашыған / ашымаған, қаттама, үгілмелі, бисквитті қамырдан* дайындалатынын анықтауға мүмкіндік берді.

Қазақ, орыс және неміс тілдеріндегі *нан* атауларының «неге салынып пісірілетін» түрлерін жіктей отырып, «табаға», «тандырға», «қазанға», «күлге көміп» пісірілетін түрлерінің тек қазақ тіліне тән екенін, ал орыс, неміс тілдерінде *нан* өнімдері негізінен пешке пісірілетінін анықтадық.

Нан/хлеб/Brot лексика-семантикалық өрісінің үш тілдегі негізгі құрамы бірдей (*нан-тоқаш өнімдері, кондитерлік өнімдер, сорпа-суға қайнатылып пісірілетін, майға қуырылатын, салма қосып пешке пісірілетін*), алайда оларға орыс тілінде «буға пісірілетін», қазақ тілінде «буға пісірілетін» және «жарма» қосылатынын айқындадық.

Қорыта айтсақ, салғастырмалы әдіс арқылы жасалған талдау негізінде құрылымы әр түрлі тілдер тобына жататын қазақ, орыс, неміс халықтарының *нан* атауларындағы лексемалардың тарихи және әлеуметтік жағдайларынан пайда болған ұқсастықтары мен айырмашылықтары бар, алайда семантикалық мазмұны бірдей тілдік бірліктер ретінде танымыз.

1) Қазақ, орыс, неміс тілдерінде *нан* атауларына жүргізілген компоненттік талдау үш тілдегі *нан/хлеб/Brot* лексика-семантикалық өріс бірліктерінің құрамын жүйелеп және айқындап алуға мүмкіндік берді.

2) *Нан/хлеб/Brot* лексика-семантикалық өрісінің құрылымын салғастыру әр түрлі тілдердің құрылымдық жүйесіндегі *нан* атауларында ортақтық және

ерекшелік принциптерін қолдана отырып олардың арасындағы ұқсастық пен айырмашылықтарын табуға болады:

а) тұтас алғанда, үш тілдегі семантикалық компоненттердің құрамы (көбейткіштері, семалары) сәйкес келеді;

ә) өрістердің ядросы бірліктердің саны бойынша жақын бола тұра, жеке гиперонимдерімен ерекшеленеді (мысалы, *таба нан*, *тандыр нан*, *күлше*, *қазанжаппа*, *кулич*, *Speckkuchen* т.б.);

б) сонымен қатар тек қана қазақ тілінде, тек ғана орыс тілінде және тек ғана неміс тілінде кездесетін компоненттер де бар. Мысалы, тек қана қазақ тіліне тән компоненттер: B³, C², C³, C⁸, D⁵, D⁶, E⁷, E⁸. Тек қана орыс тілінде кездесетін компоненттер: B⁸, D⁸, G³.

3) Қазақ, орыс және неміс тілдеріндегі *нан/хлеб/Brot* лексика-семантикалық өрісінің үш тілдегі құрамы негізінен бірдей («нан-тоқаш өнімдері», «кондитерлік өнімдер», «сорпа-суға қайнатылатып пісірілетін», «майға қуырылатын», «салма қосып пешке пісірілетін»), бірақ оларға орыс тілінде «буға пісірілетін», қазақ тілінде «буға пісірілетін», «жарма» қосылады. Үш тілдегі лексика-семантикалық өріс бірліктері арасындағы негізгі айырмашылықтарға осылар да жатады. Олар үш тілдегі семантикадағы «*нан*» мағынасындағы бұдан да күрделі айырмашылықтарды болжауға мүмкіндік береді.

4) Қазақ, орыс және неміс тілдеріндегі өрістің ядросындағы лексикалық бірліктердің саны шамалас бола тұра, жеке концентрлер гиперонимдерімен ерекшеленеді (мәселен, *таба нан*, *тандыр нан*, *күлді-көмеш* т.б.).

Үш тілде де жиі кездесетін компоненттер A, B¹, B², C¹, C⁴, C⁵, D¹, D², D⁷, D⁹, E¹, E², E³, E⁵, E⁶, E¹¹, E¹², G¹, G³; қазақ тілінде сирек кездесетін компоненттер E⁴, E¹⁰, F¹, F², F³, F⁴, F⁵, F⁶, F⁷, G⁴, G⁵, G⁶.

Орыс тілінде сирек кездесетін компоненттер B⁵, B⁶, B⁸; мүлдем кездеспейтін компоненттер C², C³, C⁷, C⁸, D⁶, E⁷, E⁸.

Неміс тілінде сирек кездесетін компоненттер B⁶, B⁷, G¹; мүлдем кездеспейтін компоненттер B³, C², C³, C⁶, C⁷, C⁸, D⁵, D⁶, D⁸, E⁷, E⁸.

5) *Нан/хлеб/Brot* лексика-семантикалық өрісінің құрылымын салғастыру әр түрлі тілдердің құрылымдық жүйесіндегі *нан* атауларында ортақтық және ерекшелік принциптерін қолдана отырып олардың арасындағы ұқсастық пен айырмашылықтарын табуға болады. Сөздердің лексикалық мағынасының құрылымын анықтауды қажет болғанда, сөздің мағыналық құрылымындағы лексика-семантикалық ұқсастықтарын салғастырудың тікелей қажеттілігі туындайды.

Салғастырмалы сөздердің семантикалық ұқсастықтары олардың эквиваленттілік дәрежесімен немесе олардың лексикалық мағына құрылымындағы семантикалық белгілердің сәйкес келуімен айқындалады.

б) Эквиваленттілік деп түрлі тілдердегі сөздердің контексте тәуелсіз тілаларлық мағына жағынан үнемі бір-бірімен сәйкес келушілігі, яғни тепе-теңдігі.

Эквиваленттілік салғастырмалы – типологиялық бағыттағы зерттеулерде үш тілдің арасындағы сәйкестіктердің түрлерін көрсету үшін және аудармада бір тілдің сөзін дәл сол қалпында жеткізіп беру үшін пайдалынатын амал-тәсілдердің ішіндегі ең тиімдісі болып саналады.

Салғастырылып отырған қазақ, орыс және неміс тілдерінің *нан* атауларында лексикалық құрамы жағынан бір-біріне өте жақын баламалық қатынастағы лексемалардың болуы, біздің пікірімізше, адам баласының өмірлік тәжірибесіндегі ортақтықтар мен халықтар арасындағы мәдени-тарихи қарым-қатынастың болуымен тікелей байланысты деп есептейміз.

7) Бейэквиваленттілік – басқа мәдениетте жоқ сөздерді екінші бір тілге аударғанда дәл аудармасының болмауынан басқа сөзбен түсіндіріліп берілуі немесе бір тілдегі сөздердің басқа тілдерде эквиваленттілігінің болмауы. Аударма саласындағы мамандар лингвистикалық әдебиеттерде өзге тілдерге тән мұндай сөздерді білдіру үшін «экзотикалық лексика», «лакуналар», «варваризмдер», «этнолексемалар», «бейэквиваленттілік» деген түрлі терминдерді қолданады. Жалпы, бұл ұғымдарды ұқсас деп есептеуге болады, өйткені оларды көбінде ұлттық, тарихи ұқсастықтардың болмауы біріктіреді.

Біздің зерттеу жұмысымыздағы салғастырылып отырған үш тілдегі *нан* атауларындағы тілдік бірліктерімен немесе тілдік ұғымдарымен салғастыру мүмкін емес тілдік бірліктерді бейэквиваленттілік деп атауға болады. Мысалы, қазақ тіліндегі *бауырсақ*, *бәтір*, *бөкпен*, *жаппа нан*, *дөңгелек*, *кеспе*, *күлше*, *көмбе*, *қазанжаппа*, *салма*, *таба нан*, *тандыр нан*, *төңкерме*, *шелтек*, *қатырма*, *қарма*, *құйрық май қосқан таба нан*, *нарын* сөздерінің неміс тілі мен орыс тілдерінде эквиваленті жоқ. Ал, орыс тіліндегі *каравай*, *коврига*, *корж*, *кулебяка*, *капустник*, *кулич*, *расстегай*, *рыбник*, *рогалик*, *розан*, *ромовая баба* сөздері қазақ және неміс тілдеріне бейэквиваленттілік болып табылады. Неміс тіліндегі *Printe e*, *Knäckebrötchen*, *Kommissbrötchen*, *Julbrötchen*, *Kaiserschmarren*, *Speckkuchen*, *Spekulatius*, *Zwiebelkuchen*, *Pfefferkuchen*, *Pfefferkuchenhäuschen* сөздерінің қазақ, орыс тілдерінде эквиваленті жоқ.

Демек, бұл секілді тілдік құбылыстардың өзіндік табиғи ерекшеліктерін салғастыра отырып таныту арқылы, біз орыс, неміс тілдерінің ерекшеліктерімен қоса қазақ тілінің тағы да бір құпия, құнды бір қырын ашып танығандаймыз. Айтылып отырған тілдер қолданысындағы *нан/хлеб/Brot* лексика-семантикалық өрісінің үш тіл арасындағы ұқсас және айырмашылық тұстарының ара жігін ажыратумен қатар, ішкерлей үнілу, яғни талдау жұмыстары барысында, керісінше олардың арасындағы тығыз байланысты да айқындай түстік.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Шаңырақ / Жауап ред. Р. Н. Нұрғалиев – Алматы, 1987.
 2 Woerterbuch der Synonyme und antonym / Herausgeben von Erich und Hidegard Bulitta, 1962.

С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті,
 Павлодар қ. Материал 04.01.13 редакцияға түсті.

Д. Е. Капанова

Семные разницы в лексико-семантическом поле нан/хлеб/brot

Павлодарский государственный университет
 имени С. Торайгырова, г. Павлодар.
 Материал поступил в редакцию 04.01.13.

D. E. Kapanova

Sema differenses in the lexical-semantic field nan/ хлеб/ brot

Pavlodar State university named after S. Toraigyrov,
 Pavlodar. Material received on 04.01.13.

В этой статье рассматриваются семные разницы в лексико-семантическом поле нан/хлеб/Brot.

This article focuses on sema differenses in the lexical-semantic field nan/ hleb/ Brot.

УДК 81'25

К. К. Каримова

**ВОЗДЕЙСТВИЕ КУЛЬТУРОЛОГИЧЕСКИХ
 ФАКТОРОВ НА ПРОЦЕСС ПЕРЕВОДА**

В статье фондового знания говорится о впечатлений тенденции перевода.

Технологическая индустрия сегодня стала определяющим фактором международной коммуникации и глобальной политики. Тем не менее, информационная глобализация, некритическое усвоение чужой культуры

и идеологии ведет к разрушению национальной культуры. Бесконтрольный поток информации может нивелировать самобытность нации, лишить её самоидентичности и превратить в неопределенную маргинальную среду – народ-субстрат. В таком аспекте, к переводу предъявлены новые требования, обусловленные новым мышлением, современной интерактивной жизнью общества.

Данный вид деятельности находится и в центре внимания культурологов и этнографов, психологов и историков, литературоведов и лингвистов. В то же время в науке о переводе – переводоведении – выделяются культурологические и когнитивные, психологические и литературные аспекты. В Казахстане различные аспекты переводоведения рассматривались такими учеными, как Р. З. Загидуллин, А. С. Ермагамбетова, Н. Н. Королева, А. Ислам, Р. З. Жумалиева, М. Е. Медетова и др.

Как правило, потребность в переводе возникает в тех случаях, когда людей, желающих вступить в общение, разделяет лингвоэтнический барьер. Однако, это не только отсутствие общего языка, но и то, что связывают с понятием этноса: различия в культурах и национальной психологии. В данном случае, понятие языкового посредничества не следует отождествлять с понятием «перевод». Перевод лишь один из видов языкового посредничества. Известно, что в одном значении «перевод» - это продукт деятельности переводчика – текст, созданный им в устной или письменной форме. В другом значении, слово «перевод» обозначает процесс создания этого продукта – деятельность переводчика, создающего текст.

В традиционном понимании понятия перевод считается, что перевод не должен допускать нарушения норм или узуса языка-рецептора. Кроме того, перевод должен соблюдать жанрово-стилистические требования к текстам того или иного типа и соответствовать общественно-признанной конвенциональной норме перевода. При этом достижение адекватности при переводе иногда может происходить и за счет утраты семантической эквивалентности, так как *то*, что может быть релевантным для одной языковой общности с точки зрения конкретного смысла решения, нехарактерно по способу выражения для другой языковой общности. Другими словами, прагматический потенциал переводного текста – фактор, который, по-видимому, постоянно должен присутствовать (имплицитно или эксплицитно) в сознании переводчика при принятии решений и играть важную роль в детерминации опосредованной коммуникации.

Существует аксиома, что идеальный перевод невозможен. Например, невозможно передать языковыми средствами то, что чувствует кочевник, вдыхая запах полыни. Эти архетипы сознания неподвластны вербализации. Наличие эквивалентов можно рассматривать лишь как доказательство наличия в семантике каждого языка универсальной части, некоего «общего семантического пространства», которое на наш взгляд все-таки не может

считаться идеальным. Поверхностное знание культуры народа – носителя языка оригинала приводит к тому, что наиболее сложные части текста, избыточные языковыми единицами с национальной окраской, либо полностью опускаются, либо переводятся кратко и небрежно. Так, например, в прямом переводе примера: – Уай, катын, *қазан котер* мына конаққа! – деп бұйрық етті. – Эй, хатын, *ставь котел гостям!* – приказал он, произошло искажение культурной информации.

Если прямой перевод содержит неточности, искажения, пропуски целых абзацев оригинального текста, а иногда и явный переводческий брак, то это не может не отразиться в опосредованном переводе. Так, например, ошибка в переводе слова «*бата оқышылар*» – «*гости*», автоматически переходит в английский язык – *the guests*.

Межкультурная общность человеческого видения мира обусловила антропоморфную концепцию универсальной картины мира. Во всех языках обозначения абстрактного и идеального в своих истоках восходят к обозначениям конкретного и материального. В разных культурах человек называет *новое* с помощью прежде созданных имен – метонимически, метафорически, сужая или расширяя их семантику.

Не вызывает сомнения тезис о том, что ономастика является обязательным условием функционирования любого языка. *Имена собственные* подвергались исследованию с самых разных позиций: как выполняющие функцию вокатива в рамках акта общения (Г. Улыбаева), с точки зрения общеграмматических характеристик (Г. И. Джалилова), в аспекте перевода (Б. К. Кумарова), как компоненты фразеологических единиц языка (Р. Жусипова), с позиций отношения официального и неофициального имен человека (Т. Т. Джарасова, Ф. Ф. Алиев), как единицы языка, характеризующиеся идиоэтнической окраской (К. М. Головина, С. К. Кеңесбаев, А. Т. Кайдаров, Т. Ж. Жанузаков). С исследованиями английской антропонимики связаны труды Л. М. Щетинина, А. И. Рыбакина, О. А. Лёновича, а также работы зарубежных исследователей А. Gardiner, H. Sorensen, R. Stockwell.

В коллективной монографии З. К. Ахметжановой и У. А. Мусабековой исследуется мотивация антропонимов казахского и русского языков, рассматриваются основные понятия мотивологии, определяется характер мотивации казахских и русских антропонимов [1].

Исследователь А. Ж. Кульмагамбетова подчеркивает, что антропонимы – результат вторичной номинации, поскольку материалом для создания антропонима являются либо *атпелятив*, либо другой *оним*, т.е. облик уже существующей языковой единицы. Поэтому, особое значение имеет уровень познания мира и степень расчлененности понятий, т.е. чем полнее и точнее познание окружающего мира, тем расчлененнее понятия и тем детальнее названия [2].

Немаловажным условием считается выбор мотива номинации. Согласно М. М. Копыленко, «мотив номинации, это – то, что в отражаемой человеком реальности побуждает и направляет его жизнедеятельность» [3].

«Особенности национальных ономастиконов, – как пишут академики А. Т. Кайдаров и Е. А. Керимбаев, – обусловлены не только и не столько принадлежностью их к тому или иному национальному языку, сколько спецификой национальной культуры, где создавалась и формировалась та или иная национальная онимия» [4].

Кроме того, известно, что имена собственные являются неотъемлемым компонентом огромного пласта фразеологии. А. К. Омарбекова подчеркивает, что фразеологические единицы с именами собственными характеризуются двойной антропоцентричностью, так как они направлены не просто на человека, а на известную в том или ином отношении личность в истории и культуре. Для того чтобы правильно декодировать эту двойную антропоцентричность, необходимо владеть точной энциклопедической и этнокультурологической компетенцией (ср.: список Шиндлера, Асан Қайғы, Қыдыр ата, мысль Шиллера и другие [5]).

З. К. Ахметжанова отмечает, что в сфере *антропонимов*, казахский язык принадлежит к первому мотивационному типу, который характеризуется абсолютным планом мотивации, т.е. где внутренняя форма антропонимов высвечивается в любом употреблении личного имени. Для второго мотивационного типа, куда согласно ученому, относится русский язык, характерны относительный план мотивации, система антропонимов является замкнутой и не выполняет различительную функцию [1, с. 7]. Английский язык также принадлежит ко второму мотивационному типу, так как в одновременном употреблении находится узкий круг имен, характеризующийся высокой частотностью. Например: Джон, Марк, Питер. Иногда для выполнения различительной функции используется иерархическая номинация, например Стюарт Литтл (младший).

При характеристике функций антропонимов выделяются следующие функции:

- различительная функция, являющаяся единственно необходимой и рациональной, без которой существование антропонимов бессмысленно;
- социальная функция, указывающая на место индивида в социальной структуре общества и имеющая практическое значение для жизни общества;
- ритуальная функция, указывающая на соответствие антропонима традициям, моде, личным вкусам. Эта функция не является необходимой и она иррациональна, но неизбежна в силу стихийных и субъективных факторов, определяющих прошлую и современную антропонимию;
- харизматическая функция, основанная на вере в магию слова, в сверхъестественную силу имени, способную защитить человека от злых и обеспечить покровительство добрых духов, богов, святых [1, с. 35].

Так, например в антропониме *Майбасар* прослеживается особое отношение кочевника к маслу. Как известно, наряду с мясом и творогом – масло было основным продуктом питания. Существовала специальная технология приготовления и хранения данного продукта. Следовательно, данный антропоним кроме дифференциальной семы «разжирует», является дезиративом и имеет сему «пожелания богатства», т.е. его семантическое значение обусловлено информацией, которую он несет, выполняемой функцией и связанной с ним ассоциацией.

Известно, что древние народы верили в определяющее влияние имени на личность, поэтому первоначально именной фонд каждого народа складывался под сильным влиянием религиозного культа, древних языческих представлений о магической силе имени. В казахском языке существовали и до их пор существуют так называемые «защитные» слова:

Одан да, не күтсеңдер де осы жаман қарадан күтсеңдерші! – деді [6, 13 б.].

Если уж чего-нибудь ждать - так ждите только от этого черномазого мальчугана! [7, с. 33].

«If anything may be expected at all, then expect it from that swarthy brat over there!» [8, p. 33].

В данном примере, выражение «*жаман қара*» и есть своеобразная защитная субституция личного имени. Согласно обычаю, родители никогда открыто не хвалили своих детей, боясь сглаза. (Надо отметить, что и в настоящее время в казахской лингвокультурологической среде не принято открытое восхищение детьми). Однако при переводе на русский язык, данный компонент был утерян. Другими словами, «*жаман қара*» – это не *черномазый мальчуган*. *Черномазый* несет в себе отрицательную оценочность. Тогда как, согласно контексту, Кунанбай говорил о своем сыне со скрытым уважением. Как утверждает словарная статья: «*черномазый*» – (просторечное, неодобрительное к слову *смуглый, черноволосый, чернявый*) [10]. Опосредованный вариант «*swarthy brat*» – согласно словарю Оксфорда, обозначает «*dark-complexioned (obsolete swarty from O.E.) child, esp. an ill-behaved one (usu. derog)*», т.е. «*черномазый непослушный ребенок*» (обычно умаляющий качества). Это и есть тот случай, когда для декодирования необходимо владение экстралингвистическими познаниями.

Известно, что казахская антропонимия, в основном, ориентирована на выполнение *различительной и харизматической* функций. В казахских именах, как было указано выше, отражаются физические особенности, время и место рождения, принадлежность к роду, отражение обстоятельств семьи родителей, а также мотив прямого или косвенного пожелания, который реализуется в зооморфных антропонимах, в антропонимах восходящих к названиям растений, камней, металлов.

Kisi көп емес, Қунанбай мен Майбасар, Жұмабайдан басқа осы өңірдегі Тобықтының белгілі үлкендері: Байсал, Божей, Қаратай, Сүйіндік екен [7, 12 б.].

Народу было немного: Кунанбай, Майбасар, Жумабай и несколько старейшин племени Тобыкты - Байсал, Божей, Каратай и Суяндик [8, с. 33].

There were not many: Kunanbai, Maibasar, Zhumabai and several elders of the Tobikty tribe – Baisal, Bozhei, Karatai and Suyundik [9, p. 32].

Другими словами, социальное поле *имени собственного*, постулирующее наличие у *онома* коннотативного и сигнификативного содержания, обусловленного знаниями говорящего об общеизвестных фактах номинации, требует особого подхода при декодировании и трансформации. Антропонимика выступает в роли образов, неотделимых от истории народа, причем зачастую может выступать в роли символов народных представлений, образная функция которых заключается в эмоциональной, эстетической характеристике таких понятий, как честь, слава, совесть, благородство.

Как указывалось выше, в основе номинации любого объекта лежит определенный признак. Однако, «в процессе функционирования большинство слов утрачивает свой мотив, т.е. признаки, по которым они названы, первоначально отчетливо выступающие в сознании говорящих, далее носителями языка не осознаются» [1, с. 5]. Иногда, этимология представляет сложность не только для переводчиков, но и для носителей языка.

К таким же единицам, требующим особого подхода при декодировании и трансформации, относятся *этнографические фразеологизмы*, связанные с особенностями мировосприятия, культуры и традиций народа.

Рассмотрим следующий пример:

Жалғыз-ақ, алғаш жығылған күннің ертеңінде, әжесінің бұйрығы бойынша, бір қартаң қатын, күн батарда Абайды далаға алып шығып, жаңа сойған қойдың өкпесімен қақты [7, 38 б.].

Только один раз – на второй день болезни - по приказанию бабушки одна пожилая женщина на закате солнца вывела Абая из юрты и несколько раз похлопала его горячими легкими только что зарезанного барана [8, с.62].

It was only once, on the second day of his sickness, that his grandmother ordered an old woman to take him out at sunset and slap him several times with the steaming lungs of a sheep that had just been slaughtered [9, p. 75].

Речь идет о том, что в степи существовал старинный обычай лечения последствий испуга или большого потрясения. Считалось, что «*обиду*» можно излечить, похлопав больного горячими легкими только что зарезанного барана, так как в переводе слово «*өкпе*», кроме первого значения «*легкое*», имеет значение «*обида*». Несмотря на свою ограниченность, бараны считались самыми миролюбивыми домашними животными. В данном случае отсутствие у получателя текста экстралингвистической информации, куда входит

языковая норма, привело к ситуации, когда слова понятны, но не понятна суть сказанного. Перевод в данном случае не достиг успеха. На наш взгляд, в данном случае была бы уместна сноска с этнографическим комментарием.

Современный перевод также обошелся приемом калькирования:

Лишь в первый день, как он слег, бабушка призвала какую-то пожилую женщину, которая перед закатом вывела больного из юрты, поставила лицом к западу и стала пошепывать по нему еще теплыми легкими только что зарезанного барана [11 с. 66].

Более того, выражение «*калғаш жығылған күннің ертеңінде*» переведено «*лишь в первый день, как он слег*», что является ошибкой.

В следующем примере, отсутствие фоновых знаний привело к переводческому несоответствию:

Осындайға келгенде, Қодар мұндай жыбырдың ішкі зәрін, суығын сезгендей болған. Оның өз топшылауы бойынша, бұндайдың арты жесір қатынға әменгер іздеу [6, 24 б.].

Он понимал эти разговоры и пересуды как желание поскорей подыскать молодой вдове жениха и женить его без калыма, - то есть попросту подсунуть наследника, который прибрал бы к рукам имущество и скот Кодара [7, с. 46].

These insinuations had weighed heavily upon Kodar. He suspected that all this loose talk only meant that he ought to find a husband for her and let her marry without receiving bride money – in other words, they wanted to force an heir upon him who would seize possession of his property and cattle [8, p. 57].

Жоғарыда айтылғандар абзал адамдықтың, азамат ақындықтың, халық перзенті, елдің Ері болудың шын да шынайы өлшемдері болса, шайыр Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының өзі, сөзі – алуан шығармалары осынау үлкен талап-міндеттерге қалай және қаншалықты жауап береді деген сауалға жауап іздейміз. Бұл үшін, әрине, алдымен ақынның не жазғанын, қандай тақырыптарды қозғағанын, оларды қаншалықты көркемдікпен игеріп, қазақ

әдебиетіне қандай үлес қосып, қаншалық азаматтық танытқанын – өз кезіндегі елі мен жері жаңарып, халқы оянып, өсіп-өзгеруі үшін, яғни заманына лайықтылық танытып, келешегін кемелдендіруі үшін қаншалықты сөзімен көмектесе алғанын саралап, зерттеп, талдап-таразылауды жөн санадық.

Ақындыкпен ұйқыдағы алашын серпілту, қоғалысқа түсіру, ел болу үшін күреске жұмылдыру, сөзімен замандастарының көзін ашып, көңілін ояту, басқа озық елдердің қатарына қосылуға бастау, өзінен көп бұрын көш бастап, халқын қамшылап, қазақтың бас ақынына, сөз көсеміне айналған Абайдың жолын жалғастыру, Абай бастаған іске үлес қосу – Мәшһүр Жүсіптің алдында тұрған ұлы да ұлағатты міндеттер болатын. Рас, бастапқы кезде – жасөспірім шағында-ақ өлең жолына түсіп, өнерін көпке таныта бастаған Мәшһүр Жүсіп бірден анық Ақын, үлкен Ақын бола алған жоқ. Ол әуелгі кезде жай төреші болу, көргенін көргеніндей етіп қағазға түсіру, сырт бақылаушыдай бағамдап-баяндау, тек ақ-қараны ажырату деңгейінен көтеріле алмап еді. Әрине, оның бұл өлеңдерінде де ғибрат, насихат, өмір көріністерін көрсету кездесетін. Кейде келелі кеңес, озық ой, көркем кестелер де молынан ұшырасатыны бар. Алайда біздің іздеп отырғанымыз – қоғамды сілкі, алаштық, азаматтық мақсат-мүддеге ойысу, өзі күн кешкен қоғам, табиғат кескіндерін бедерлеу деңгейінде қалып қоймай, келешекке бет бұру болғандықтан ғана бұларды осылай қабылдайтынымыз өзінен өзі түсінікті болса керек.

Ақынның төл поэзиясы топталған кітаптары – 20 томдық шығармалар жинағының, негізінен, 1-томы мен 4-томы. Осындағы ақынның жазылуы жөнінен бізге мәлім тұңғыш өлеңі – «Исабек ишан». Ол 1871 жылы қағазға түсіріліпті. Бәлкім, осы томдықтарда Мәшһүр Жүсіптің бұдан да бұрын жазылған туындылары бар шығар. Алайда соңында дүниеге келген жылы көрсетілмегендіктен олардың қайсысы бұрынырақ жазылғанын білу қиын. Аталмыш алғашқы жыр былай басталады:

Бісмiлла, сөз бастайын асыл тектен,
Түскендей асыл еді-ау аспан көктен!
Керуендей бұл дүниеге аз күн қонып,
Пәниден жақсы, жаман – бәрі де өткен.
Бір жұрнақ заттан шыққан асыл еді,
Қара түгіл қожадан асып еді.
Әркімнің өз заманына дегендейін,
Тақсырдың шарапаты басым еді.
Өзі – ишан жұрт бастаған, заты –қожа,
Сейітзада нәсілі сондай таза.
Әр түрлі қасиеті еске түсіп,
Қайғымен қапаланып болдым наза [5, 229-6].

Егер Жүсіп ақынның тырнақалды туындысы осы болса, оның басталуының өзі – біз келтіріп отырған үш шумақтың өзі разы етпей ме?

Құйылып тұрған қазақтың дәстүрлі қара өлеңі. Есептеп қарасақ, бұл кезде – Жүсіп бар-жоғы 13 жаста. Бүгінгі күн көзқарасымен алғанда, әлі мектептің орталау буынын бітірмеген, көжесін жылап ішіп жүрген бала. Бірақ XIX ғасырдың қалыбы бөлек жосығы басқа. Сондықтан ол осындай өлең жазған. Дәлірегі – жаза алған. Ұзақ өлең. Әрі жақсы туынды. Ал мұның өзі жасөспірім Жүсіптің тым таланттылығын, шайырлықтағы қадамын шынайы бастағандығын байқатып қана қоймайды. Сол кездегі қазақ өмірінің өз мүшелеріне – ер балалар мен қыз балаларға да қатаң талап қойып, тез ержеткізіп, бойжеткізетінін де байқататындай. «Он үште – отау иесі» деген сөз-пайым – тек мақал ғана емес, сол уақыттағы өмір шындығы, тіршілік талабы. Бұл кезде адам баласы бірінші мүшелге толып, ғұмырдың тұңғыш бел-белесіне көтеріледі. Демек, қазақтың мүшелдік жыл санауы жай ғана даналық қасиет-тұжырым емес, табиғаттың заңдылығына – адамның биологиялық-физиологиялық тұрғыдан да пісіп жетілуіне де дөп келетін шығар. Міне, осы тұңғыш мүшелінде Жүсіп ақындық тұрғыдан да адамдық-азаматтықтың алғашқы сатысына шығып үлгерген түрі бар. Осындай екі жақсы себеп-салдардың жемісі де шығар, жас автор-шайыр тұңғыш өлеңінде-ақ XIX ғасырдың үшінші ширегіндегі Арқа өмірінен, қазақ халқының ахуалынан, рухани күй-кеспірінен де жақсы хабардар етеді.

Бұл жырдың шекесіне «жоқтау» деп қойылған. Бұдан кейін осы өлеңде кейіпкер ишанның бейнесі еске түсірілетіні, жақсы пенде, зор дін басшысы болғандықтан лайықты мақталатыны даусыз.

Жасынан-ақ халыққа пірлік қылған,
Хақлық болса, бас тартпай ерлік қылған.
Нәсілінен сайып келіп әулиелік,
Келгенде отыз беске пірлік қылған.

Пір болып кереметлі жұрт бастаған,
Заманында өзінен жан аспаған.
«Мен, мен» деген ишандар «тақсыр-ай» деп,
Ешбірі хылап тауып таласпаған.

Шариғаттың жолынан адаспаған,
Дін тұтпаған наданға жанаспаған.
Қырмызы қызыл жібек сықылданып,
Қай мінезі бар еді жараспаған ?!

«Өнер алды – қызыл тіл» шешенім-ай,
Жылжыған жорғадайын көшелім-ай.
«Абылай аспас сары бел» – Сүйіндікке
Пір болып үлгі шашқан көсемім-ай [5, 229-230-б].

Ақын осылай шалқыта жырлап, үлкен сөздерді бекер айтып отырмаған шығар. Исабек ишан да мұндай мадаққа лайық жан екені ақиқат. Өзі де жас кезінен хақ дін жолына түскен, имандылықты ұран еткен ақын сол кезде

өмір сүрген, аса үлгілі, адамгершілігі асқақ жанды қауымға үлгі етіп отыр. Жас ұрпаққа – өнеге, егде кісілерге – ғибрат етеді.

Х. Досмұхамедұлы ақындық поэзия өкілдері туралы олардың ұлттық сөз өнерін сақтаудағы, дамытудағы қызметіне жоғара баға бере келе: «Қалың бұқара арасынан шыққан олар – халық әдебиетінің мән-мазмұны мен тіл тазалығын сырттан келетін жат әсерлерден қорғаушылар, әрі ғасырлар бойы ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп, қазақ халық әдебиетін сақтаушылар» [3, 32-б], – деген екен. Шынында да Мәшһүр Жүсіптің осы көлемді туындысын ары қарай оқығанда оның кейіпкерінің балдырған ұрпаққа үздік үлгі, ал үлкендерге тағылым-тәрбиесі мол игі-таза тіршілік иесі, дін көсемі екенін көреміз:

Айбатың бар-ды әділ Омардайын,
Түзедің шариғаттың әрбір жайын.
Күндіз – күлкі, түн болса – ұйқы көрмей,
Дін ісін берік тұттың солардайын.
Шыншылдық Әбубәкір Сыдықтай бар,
Көрдің бе бір жалғанын, ей, жарандар?!
«Қолда барда алтынның қадірі жоқ»,
Артынан жұрт таба алмай, болдың ғой зар!

Жомартлығың сахаба Сәдуақастай,
Би баһа ол кібіртіт ақ мәр тастай.
Сүннатын пайғамбардың мағхам тұтқан,
Көнекей, кім бар еді сонан басқа-ай!

Сөйлеген әрбір сөзің – ғылым, хикмет,
Өзіне тәңірім берген бән михнет.
Тариқат, мағрипаттан үлгі шашқан,
Құдайға бек лайықты қылып қызмет [5, 230-б].

Мақсат өзіміз жалаң түсіндіруші болып сөйлеп кетпей, ақын өлеңін нақты тану, өзіндік айтарын, өзгеше ерекшелігін ашу болса, мына шумақтардан дінге қатысты мол білім ала бастаймыз ба?! Біз ислам дінінің бастауында тұрған Омар, Әбубәкір Сыдықтардан, Сәдуақас сахабалардан хабардар болып қана қоймай, ақын нысанасы Исабек ишанның да анық озық, керемет «көсем» кісі екендігіне көз жеткізе бастаймыз ба?

Жоқтау, дауыс салу-өлген адамға арналған өлеңдер. Қазақта жерлеу, салт өлеңдерінің шығу мезгілі қай кез екенін анықтау қиын. Сөйтсе де зерттеушілер М. Әуезов пен Ә. Марғұлан жоқтау өлеңдерінің мазмұны ежелгі Орхон-Енисей жазбаларымен ұштасып жатқанын айтады. Мәшһүр Жүсіп ақындыққа араласқан тұста жоқтау – кең етек алып, қазақ өмірін дүбірлетіп тұрған өлең түрі, өмір көрінісі. Сондықтан да жас ақынның алғашқы туындысы жоқтау болып, кейін де көп жоқтаулар жазуы – осының айғағы. Осы тұрғыдан келгенде тұңғыш туындының төрт аяғын тең басқан туынды екендігі, көркемдігі өз алдына, өмірлік дерегі, сол кездегі естіген

халыққа, оқыған жұртқа деректік тұрғыдан қатты керегі – өнегелі тағдыр-тарих, кенеулі тағылым-ғибрат болуы да тәнті етеді.

Біз сол себептен де осы бірінші томның соңындағы түсініктерде берілген мынадай мағлұматтарға жүгіне кетуді де орынды санаймыз:

«Екібастұз тұрғыны, 1928 жылы туған еңбек ардагері Манабаев Сағат ақсақалдың айтуынша, Исабектің түп-тегі – қожа, кезінде әулиелігімен жұрт назарын аударған адам. Ел аузынан естіп, бізге жеткізген Сағат ақсақал әңгімесін де оқырман назарына ұсынғанды жөн көрдік: «Жазғытұрым Шідерті өзені тасып жатқан кез. Өзен жағасында ол кезде тал болған. Соның түбіне келіп, өзеннен өткенде су болмас үшін, ішінде Исабек ишан бар, біраз адамдар сырт киімдерін шеше бастайды. Сол кезде тал арасынан ұрылар шыға келген:

– Андағы киімдеріңді, көліктеріңді қалдырыңдар да, өздерің жүре беріңдер! – деген. Исабектің жолдасы тұрып айтады:

– Біздікін алсаң да, мына жігітке тиіспе! Бұл – жаңа шығып келе жатқан керемет иесі!

Сонда ұрылардың біреуі айтты:

– Әулие болса, ана ұшып келе жатқан алты аққуды алдыма әкеліп қондырсын!

Сонда Исабек отыра қап дұға оқиды да, алты аққу төмендеп, қаңқылдап әлгі ұрының алдына келіп қонады. Сонда ұры:

– Біз жаңылдық, шырағым. Сен атынды бермей-ақ қой. Сен бізден ал! Талдың ар жағында олжамыз бар. Ал!

– Жок, рақмет, бізді өзеннен өткізіп жіберсең болды.

Олар көмектесіп, бұлар өзеннен өтеді. Біраз жер ұзағасын жанындағы жолдастарына Исабек айтады:

– Мен бір қателік жібердім-ау! – дейді.

– Сіз ешқандай қателік жіберген жоқсыз. «Алты аққуды түсір», – деді, түсірдіңіз. «Олжадан ал!» – деді, алмадыңыз. Сонда Исабек:

– Сендер білмедіңдер! Күндердің күнінде менің ұрпағымның бірі тұтқында болады-ау! Мен алты аққуды тұтқын еттім ғой. Байлап кеттім-ау! – дейді. Содан айтқандайын, 1937 жылы Исабектің бір ұрпағы түрмеге түскенде сол сөз еске алынды.

Исабек қайтар жолда өзенге таяу бір жерге таяғын шаншады:

– Күндердің күнінде осы жерге менің үрім-бұтағым қоныс тебеді! – дейді.

Исакеңнің ұрпақтары қазір сол жерде тұрады. Ол «Талды ұжымы» деп аталады. Екібастұз ауданына қарайды. Екібастұз қаласынан 60 шақырым.

Мен бұл әңгімені сол жердің тұрғын адамы Ахметов Мәкен деген кісіден естідім. Ол кісі қазір дүние салған. Жасы ұлғайған кісі. Руы – Қанжығалы. Оның ішінде – Сары. Сөз білетін адам, бір кезде колхоз бастығы болған» [6, 410-411-б].

Көріп отырсыз, келтірілген мына деректердің өзі керемет. Тірлікте нақ осылай болды ма, болмады ма, әрине, оған бүгін куәлік жасау қиын. Десек те ақын бұлай тегін жырлап отырған жоқ. Аңыз да ақиқатқа тамыр тартса, сол кездегі халық иманды, діни көсемін соншалықты әулие тұтқанын айтпағанда, жырда келтірілген дерек-мәліметтер бекер емес.

Баласы жоқ қатынға бала біткен,

Панасында күн көріп қашқан-жіткен.

Әр мұңлының қажеті рауа болып.

Құдайым дәрежесін артық еткен.

Шариғат, мағрипатын тамам еткен.

Тариқат, хақиқатты жары еткен,

Қол-аяқсыз домалап қалған дертлі

Сау-саламат жазылып тұрып кеткен.

Жан еді ғарызы жеткен Құдайына.

Жарлы болса байыған маңайына.

Бақ, дәулет, ырыс, несіп болып еді,

Көріп пенен ғасердің талайына.

Ғылым хал, ғылым қалын білген тамам,

Айырған хақ пен батыл, халал, харам.

Ғылымларды қойылған көңіліне,

Жігіттер, бар ма енді ондай адам [5, 232-б].

Таза адам. Шарапатты кісі. Ғұлама ишан. Аталмыш өлеңде Исабек ишанның осындай қалып, жақсылық-шарапаты қалай жарқырап көрінсе, ол ғұмыр кешіп, «сайран» салған, салтанат құрған ел-жер, ауыл-аймақтар жайы тағы да солай көзіне көрінеді. Бұл тұрғыдан байыптағанда сол кездегі сахара суреті, ел-жұрт хабар-ошары осы өлеңнен бүгінгі қызығушы оқырманға анық-қанық болады десек те асыра айтпаймыз.

Жоктайды Қарабұжыр қалпыменен,

Әжеке, Дәнен, Тентек халқыменен.

Дүниеден есіл ерім кете бардың,

Бұрынғы ғазизлардың салтыменен.

Біраз күн Арқаға болдың қонақ,

Дүние бар болғаның болды-ау сол-ақ!

Әжібайдың алты ұғлы ықылас берген,

Олар да жоктайды екен айтып шумақ.

Жолаба – Қыпшақ деген бір рулы ел,

Және Керей, Күрлеуіт – о да түгел.

Теп-тегіс мүрид болған кемеңгерлер,

Қалдық қой тегіс шулап Жайылма, Ақкөл.

Актілес, Сырым, Күшік – Бәсентіін,

Олардан болды ма екен Найман кейін?!

Дүниеден өтті, кетті қайран ерім,
Түзеткен өз әлінше діннің үйін.

Ішінара бас берген: Апай, Бөрі,
Жұқарақ Қанжығалы одан гөрі.

Айдабол мен Қаржастан ықылас берген,
Қасқа, жайсаң – не түрлі кеменгері [5, 234-6].

Өлең жасампаздығында ақынның рухани әлемі бірінші орында тұрады да, ол ақынның рухани әлеміндегі қайшылық қақтығыстар мен әлеуметтік және мәдени танымның, сол сияқты қазандай қайнап жатқан қоғамдық өмірдің ықпалынан барып қалыптасады. Әлі он үштегі балаң ақынға талай жайт-оқиғаларға, кісі-місілерге сын көзбен қарау міндет те, қажет те емес шығар. Ол бәріне таза пейілмен, алғашқы әсермен – үлкендердің көзімен қарайды. Солай десек те осы өлеңде қанша ел, жер қамтылған. Тіпті Исабек ишанның Қой жылы, жетпіс тоғыз жасында ораза айының бас кезінде жұма күні кешке зәмзәм суымен ауыз ашып, намазшамды оқып болған соң өмірден өткені... Арғын, Керей, Қыпшақ, Найман елдері, солардан тараған алуан рулар... Бұларды былай қойып, Жайылма, Ақкөлдей жер-сулар. Тіпті шумақ айтып жоқтаған Әжібайдың алты ұлы... Осыларды білудің өзі – қызық қана емес, тарих емес пе? Арада 140 жыл өткенде не болды сол жерлерде? Қандай халық отыр? Әлгі қасқа-жайсандар үрім-бұтақтары нендей күйде?! Міне, осындай керегі бар, тереңі бар өлең бұл.

Мұхтар Әуезов: «Әдебиет тарихының арғы-бергі жолының толық қамтыла қарастырылуындағы ескерілуі тиіс ең басты мәселе ақынның өмірбаянын тексеру, сол арқылы жазған шығармаларымен байланысын айыру, ақынды елінің өмірімен қоса қарастыру, ақынды және оның айналасын ұлттық болмыспен қарастыру, ұлттың қоршаған табиғатпен байланысын, көрші халықтардың берген үлесін, өзара өнераралық ықпалдастықты біріктіре қарастыру» [6,16-17-б], – дейді. Шын мәнінде ақынның 1870-80 жылдары жазылған басқа да өлең-жырлары, өмір өрнектері, жоқтаулары, табиғат кестелері, көрнекті кісілерге арналған толғаулары да көбіне-көп осындай сипаттарға ие деуге болады. Айталық, «Аңқау адам туралы», «Мұса Шорманұлының асы», «Жарты нан», «Кедейліктің арқаны», «Жаздың сөзі», тікелей діни тақырыпты қаузаған көлемді көптеген туындылары – осы сөзімізге дәлел. Мәселен, «Аңқау адам туралы» өлең:

Иесі сырын білер мінген аттың,
Көз жетпес қулығына адамзаттың.
Іш пысып еріккенде күлмек үшін

Айтайын әңгімесін аңқау сарттың [5, 85-б],

– деп басталады. Әдетте сарт қазақтан аңғал болмайтын еді, Мәшһүр Жүсіп сол көп халықтың ішінен момын біреуін тауып алса керек. Шартты мысал болғандықтан мұнысына сенеміз де.

Ертемен бір сарт үйінен есегін жетелеп, «Өзімнен кетіп дәрмен қалғанынша, Есегім, мінбен саған» деп серт беріп шыққан көрінеді. Тау мен тастың арасында жалғыз келе жатқанда қуларға жолығады. Не керек, әлгі қулар ақылдасып, бірі есегін ұрлап алады, ұрлағанда да сартты қатты ақымақ қылады.

Ұрының сонда жетіп бірі барды,
Есектің басындағы ноктаны алды.
Киді де өз басына кете барды,
Сол жерде есекті алып бірі қалды [5, 86-б].

Содан әлгі сарт есек-ұрысын жетелеп жүре береді. Бір кезде есегі тартынбай ма? Сонда сарт артына жалт қараса:

Қараса сарт артына – есегі жоқ,
Есегін мінбесе де көңілі тоқ:
Қолында нокталаулы бір адам тұр,
Орнында есегінің есектей боп [5, 86-87-б].

Қатты қорқып, сасып қалған сарт амалсыз жөн сұрайды. Сонда әлгі ұры: «Мен шешем қарғап, есекке айналып кеткен адам едім. Енді шешем жаны ашып, қарғысын қайтарып алған соң, қайтадан адам қалпына келдім», – дейді. Есегі адамға айналған сарт, әрине, «есек-адам» түгіл жанынан безер. Ұры осылай құтылып кетеді.

Енді үйіндегі екінші есегіне мініп, базарға ешкісін сатуға шыққан байғұс сартқа жолда және жолыққан үш қу бұл жолы уағдаласып, алдап-арбап, оның ешкісін де, есегін де ұрлап, ақыр соңында алдап суға түсіріп, киімін де сыпырып, айдалада жалаңаш қалдырады.

Салбырап бір мезгілде судан шықты,
Киім мен кісі түгіл шайтан жоқ-ты.
Ақымаққа адам, сірә, күлер емес,
Өмірінде қарға жемес мұндай бокты [5, 93].

Жалпы, жыр тұтас алғанда тәуір. Оқиғалы, ой салатын жыр. Шамамен 1878-1880 жылдары жазған көлемді жырын осылай аяқтаған автордың айтары не? Фибрат. Өмірге бейімдел, алданып, ақымақ болма деу. Ақыл айту елдің асқақ тұлғаларына жарасатын парасатты қасиет. Ақын бұл жерде жағымсыз мінез қасиеттен аулақ болып, өзінің адамдық болмысыңды сақтап қалуды насихат етеді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 **Құнанбаев, А.** Шығармалары. 1 том. – Алматы : Жазушы, 1985. Тұрысбек Р. Ұлт мұраты және руханият. 2008. – 632 б.

2 **Сағат Әшімбаев.** Екі томдық шығармалар жинағы. 1 том. – Алматы : Жазушы, 2000.

3 **Монтень, М.** Опыты. // Введение в литературоведение (Под ред. Л. В. Чернец) – М., 2006. – 520 с.

4 **Мәшһүр Жүсіп.** Шығарамалары. 1 том, Павлодар, 2003.

5 **Көпеев, М. Ж.** Таңдамалы. II-том, – А., Ғылым, 1992.

6 **Әуезов, М.** Әдебиет тарихы. – Алматы : Ана тілі. 1991. – 240 с. -Б 29.

С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті,
Павлодар қ. Материал 10.01.13 редакцияға түсті.

Ж. Т. Сарбалаев, Е. Ж. Сарбалаев

Гражданский пафос в поэзии Машхур-Жусипа

Павлодарский государственный университет
имени С. Торайгырова, г. Павлодар.
Материал поступил в редакцию 10.01.13.

ZH. T. Sarbalayev, E. ZH. Sarbalayev

The Reflection of Civil Inspiration in the Poetry of Mashkhur Zhusip

Кореев

Pavlodar State university named after S. Toraigrov,
Pavlodar. Material received on 10.01.13.

В статье рассматривается вопрос гражданского пафоса в поэзии Машхур-Жусипа.

The civil inspiration in Mashkhur Zhusip Kopeyev's poetry is revealed in the article.

ӘОЖ: 894.342-2

Ә. Шапауов

ҚАЗАҚ ДРАМАТУРГИЯСЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Мақалада қазақ драматургиясының зерттелу мәселелері қарастырылады.

XX ғасырдың бас кезеңінде қазақ топырағындағы ұлттық драма жанры табиғатына, бай ауыз әдебиеті жанрында драмалық элементтердің

молынан кездесетініне, далалық театр қойылымдарына байланысты ұлт қайраткерлері Ахмет Байтұрсынов, Смағұл Сәдуақасов, Мұхтар Әуезов, Жүсіпбек Аймауытов, Дінше Әділов және т.б. айтқан пікірлері мен жазған мақалаларының орны жоғары.

Көшпелі-отырықшы өмірмен күн кешкен халықтың мәдени дамуы – ауыз әдебиеті үлгілерінің мол, озық жетілгендігі. Драма жанрының кейбір элементтерін осы фольклорлық дүниелерден тауып, дәлелдей алатынымыз да сондықтан. Әсіресе, айтыс, жар-жар т.б. түрлерінде «қиын жанрдың» талаптарына жауап бере алатын мысалдар көп.

Еліміздің әр аймағында жазылған қолжазба пьесалар XX ғасырдың басында, 1905-1915 жылдар аралығында өмірге келді. Қоғам дамуымен бірге ілгері басып, ұлттық өнерімізбен қанаттаса отырып, белгілі бір дәрежеге көтерілді. Бұл пьесалар қолжазба түрінде дүниеге келіп, алғашқыда сауыққой өнерпаз жастардың күшімен ойын-сауық үйірме-кештерде бірнеше рет сахналанғаны бүгіндері анық. Қолжазба түрінде ол пьесалар заман тынысын, дәуір жағдайын, көкейкесті мәселелерін, кезеңнің толғақты сырларын дер кезінде өткір қозғады. Қазақтың алғашқы пьесалары авторлары қатарына – Ишанғали Мендіханов, Бекмұхамед Серкебаев, Көлбай Төгісов, А. Лихановтарды жатқызамыз.

Қазақ халқы үшін XX ғасыр – ұлтымыздың оқуға, өркениетке бет бұру заманы болды. Мұсылманша оқу орындары – мектептер мен медреселерде діни сабақтармен бірге есеп, жағрапия, тарих, ана тілі, шетел тілдері де қоса оқытылды. Қазан, Орынбор, Петербор, Уфа, Троицк қалаларындағы баспаханалардан қазақ тілінде біршама кітаптар шықты. Қазақ халқының алғашқы қолжазба пьесалары халық арасында қойылса, ал қазақ мемлекеттік ұлт театрының алғашқы шымылдығы сол кездегі астанамыз Қызылорда қаласында, 1926 жылдың 13 қаңтар күні Қошқе Кеменгеровтың «Алтын сақина» атты пьесасымен ашылғаны тарих парақтарынан белгілі, ол жөнінде зерттеушілердің ғылыми еңбектері жарияланды.

М. Әуезов: «Өзге жұрттың мысалына қарағанда, театр өнерінің ұрығы елдің әдет-салтынан, ойын-сауығынан, ән-күй, өлең-жырынан басталған. Театр өнерін туғызатын жайлы топырақ, қолайлы шарт елдің өз денесінен шыққан. Өнердің іргесін қалайтын елдің өзі. Содан кейін мықты дүкен, сұлу күмбезді жасайтын – сол ел тірегіне иығын сүйеген өнершілер.

Шынында, ерте күнде ас пен тойда, ұлы жиында ізденіп келіп өлеңмен, әнмен айтысатын көп ақындар өз заманында театр жасамай не жасады? Онан соң ұзатылған қыздың тойында еркек пен әйел қақ жарылып алып, айтысатын жар-жар, салт ойыны туғызатын театрдың өзі емес пе? Жар-жар мен беташар бүгінгі заманның сахнасына қою үшін ешбір қосымша керек қылмайды. Солар сияқты толып жатқан айтыс өлеңдерінің қай-қайсысы болса да қалай болса, солай қоюға болады. Бұл ескіліктердің тағы бір қасиеті – барлығы да

арнаулы әнмен ойналатын. Сондықтан жалғыз ғана драмалық театр емес, әнмен ойналатын операларға да емін-еркін жарайды» [1], – десе, Рүстембеков Р. «...элементы драмы еще в бытовом жанре фольклора /жар-жар, беташар, бөдік, айтыс/...» [2], – деп, ал, Ә. Тәжібаев «...ауыз әдебиетіндегі ақындар мен шешендік сөздердің бай түрлеріне қарап отырсақ, ең тамаша классикалық драмалардағы диалогтармен таласатын сөз жарыстарының алуан түрлерін көреміз» [3], – дейді. Соңғы жылдары қазақтың драмалық фольклорын арнайы зерттеуші Қ.Бижанов [4] шағын айтыстарды драмалық жанрға жақындататын өзіндік бірнеше белгілерін атап көрсетеді.

Ал, арнайы ғылыми айналымға, нысанаға алынып зерттеу ісі – ХХ ғасырдың 50-жылдарынан басталады. Осы уақыттан бастап диссертациялар қорғалып, монографиялық еңбектер жарыққа шыға бастады. 1951 жылы А. Маловичко «Қазақ совет драматургиясындағы тарихи өмірбаяндық пьеса», 1956 жылы С. Ордалиев «Соғыстан кейінгі қазақ совет драматургиясы», 1963 жылы Н. Ғабдуллин «Ғабит Мүсіреповтің драматургиясы», 1965 жылы Р. Рүстембекова «Бейімбет Майлиннің драматургиясы», 1967 жылы Р. Нұрғалиев «Мұхтар Әуезовтің трагедиялары», 1969 жылы Х. Нұрмақанов «М. О. Әуезов драмалық шығармаларының эмоциональді-экспрессивті лексикасы», 1975 жылы Е. Жакыпов «Қазақ драматургиясындағы батырлық эпостың дәстүрлері», 1978 жылы С. Исабекова «М. Ауэзов – переводчик русской советской драматургической классики», 1986 жылы Т. Есембеков «Ә. Әбішевтің драматургиясы», 1990 жылы С. Дәуітова «Проблема изображения исторической личности в драматургии М. Ауэзова», 1992 жылы А. Зекенова «М. О. Әуезовтің драмалық шығармалары тілі лексикасының квантитативтік-стильдік сипаты», 1992 жылы Ысқақов М. «Казахская драматургия в литературной критике», 1993 жылы С. Құлбарақов «Тахауи Ахтанов драматургиясы», 1994 жылы Таубайұлы Ж. «Қазіргі карақалпақ-қазақ драматургиясындағы фольклорлық негіздер», 1994 жылы Қ. Бижанов «Қазақ драмалық фольклоры», 1995 жылы Ж. Әбілов «Қалтай Мұқаметжанов драматургиясы»; 2001 жылы Ә. Шапауов «Сәкен Жүнісов драматургиясы», 2002 жылы Нәсиева Н. «Сәбит Мұқанов драмалық шығармаларындағы мінез бен тартыс», 2003 жылы Ахетов М. «Мұхтар Әуезов драмалық шығармаларындағы шешендік дәстүр», 2003 жылы Ахтанова А. «Қазіргі қазақ балалар драматургиясы», 2003 жылы М. Әбілхакұлы «Ілияс Жансүгіровтің драмалық шығармаларындағы тартыс пен мінез», 2005 жылы Б. Сұлтанова «ХХ ғасырдың 20-жылдарындағы ұлттық драматургия», 2006 жылы Л. Аупбаева «Алғашқы қазақ пьесалары», 2009 жылы Айтбала Айтмұраеваның «С. Жүнісов драмалық шығармаларының тілі мен стилі» атты кандидаттық диссертациялары және 1970 жылы Ә. Тәжібаев «Қазақ драматургиясының тууы мен қалыптасуы»; 1973 және 1983 жылы Нұрғалиев Р. «Қазақ совет драматургиясының жанр жүйесі»,

2001 жылы Ж. Әбілов «Қазақ комедиясының генезисі мен жанрлық негіздері», С. Даутова «Художественная концепция исторической личности в казахской драматургии» атты докторлық диссертациялары қорғалып, әдебиеттану ғылымына үлкен үлес қосылды. Сонымен қатар монографиялық еңбектер бір шама [5].

Драмалық шығармалар негізінен: трагедиялық, драмалық, комедиялық болып іштей жіктелгенімен, олардың әр қайсысының бойынан бірінің табиғаты танылып жатады. Комедияға қоятын талапты драма, трагедияға қоюға болмайды, оның жанрлық табиғатына сәйкес өзіндік ерекшелік, белгілері бар. Ал, драмада трагедия, комедияның элементтері жүретін болса, керісінше шығармаға өң беріп, ажарлап тұрады.

Комедия – драма жанрының негізгі бір түрі. Комедиялық шығарма - қоғамдағы келеңсіз, адам өміріндегі кереғар, жағымсыз әрекеттерді көрсету, сынау үшін және келешек ұрпақты осы қылықтардан сабақ ала отырып сақтау үшін күлкілі, әрі адамзатқа салмақ салар жағы бар көркем шығарма. Комедияның бірнеше тәсілмен дамитыны белгілі. Комедиялық шығарманың әр элементі күлкі тудыратындай болуы шарт. Нағыз комедия кейіпкерлерінің тіліне күлесіз, киген киіміне, қимылына, сөйлеген сөзіне, жауабына күлесіз. Комедияның табиғатына, зерттелуіне байланысты көптеген еңбектер бар [6]. Ал, қазақ ұлттық драматургиясында комедия алғашқы кезеңде М. Әуезовтің, Б. Майлиннің, Ж. Шаниннің күлкі жанрына арналған шығармаларында көрініс болды.

А. Байтұрсынұлы: «Тартыстың өзі басты-басты үш тарау болып бөлінеді: 1) мерт, яки әлектекті тартыс [трагедия], 2) сергелден, яки азапты тартыс [драма], 3) арамтер, яки әурешілік [комедия]. Тартыс күйге ән-күй қосылса, тартыс зауықты деп аталады. Тартыс сөз қу тілді болса, қулықты деп аталады; қисыны қызық болса, күлдіргі тартыс болады; сиқыр мазмұнды тартыс сиқырлы деп аталады...» [7], – деп сараласа, Ә. Тәжібаев докторлық диссертациясында [8,127] қазақ комедиясының алғашқы нұсқаларын, ауыз әдебиетімен байланысын атап өтсе, Р. Нұрғалиев докторлық диссертациясында [9,228] комедия жанрына арнайы тоқталып, сараптап: сатиралық комедия және лирикалық комедия деп ұлттық ерекшелік ынғайына лайықтап, қорытындыға келеді, ал, Ж. Әбілов кандидаттық [10,79], әрі докторлық диссертацияларында комедиядағы ұлттық ой-сана проблемасы мен мәңгірттік проблемасының диалектикасын, халықтық түрін кеңінен қарастырады.

Қазақ ұлттық драматургиясы бүгінгі күні жанрлық жағынан, тақырыптық-стильдік нысанда, жекелеген көрнекті драмашылардың шығармашылық шеберлігі тұрғысынан біршама зерттелгенмен, ал әлемдік ой-сана және батыс-шығыс драмашыларының шығармашылық және әдеби байланысы аясында әлі де көп еңбек студі қажет ететін, кезек күттірмейтін міндеттер.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 **Әуезов, М.** Шығармаларының 20 томдық толық жинағы. – А. : Жазушы, – 1985
- 2 **Рүстембеков, Р.** Драматургия Б. Майлина. Автореферат на соискание ученой степени кандидата филологических наук. АН КазССР. 1965.
- 3 **Тәжібаев, Ә.** Қазақ драматургиясының қалыптасуы мен дамуы. – А. : Жазушы, 1971.
- 4 **Бижанов, Қ.** Қазақтың драмалық фольклоры. АҚД. – А. : 1995.
- 5 **Ордалиев, С.** Қазақ драматургиясының очеркі. Алматы: «ҚазССР Ғылым Академиясының» баспасы, 1964; Тәжібаев Ә. Қазақ драматургиясының қалыптасуы мен дамуы. – Алматы, 1971; Ғабдулин Н. Ғабит Мүсірепов–драматург. Алматы: «Өнер», 1982; Рүстембекова Р. Бейімбет Майлиннің драматургиясы. Алматы : «Жазушы» баспасы, 1969; Рүстембекова Р. Қазақ совет комедиясы. Алматы: Қаз ССР «Ғылым» баспасы, 1978; Р. Нұрғалиев Трагедия табиғаты. Алматы: «Жазушы» баспасы, 1968; Нұрғали Р. Драма өнері. – Астана.2001; Ж.Абиллов. Казахская комедия. А.: 2001; Шапауов Ә. Драмадағы дәстүр. С. Жүнісов – драматург. Монография. Қазақстан-Павлодар. 2004; С. Даутова. Художественная концепция исторической личности в казахской драматургии. Монография. – Алматы. – 2006; Ахтанова А. Қазіргі қазақ балалар драматургиясы. Оқу құралы. – Семей. 2008.
- 6 Аристотель. Об искусстве поэзии. – М. : Гослитиздат, 1957; Буало. Поэтическое искусство. – М. : Гослитиздат, 1957; Дидро Д. О драматической поэзии. Изб.произв. – М.-Л., 1951; Аникст А. Теория драмы от Аристотеля до Лессинга. – М. : Наука,1967; Лессинг Г. Гамбургская драматургия. М-Л.1936; Шоу Б. О драме и театре. – М. : 1967; Фильдинг Г. Комедия. М., 1954. В. Андре. Бесчеловечная комедия (О Бальзаке). М. :1967. Фролов. О советской комедии.М. :,1954. Судбы жанров драматургии.М :,1957. В.Сахновский-Панкеев. О комедии. М.:',1964. В.Волькенштейн. Драматургия..М. :,1969. Ю. Манн. Комедия Гоголя «Ревизор». М.:',1966. Н. Н. Киселев. Проблема русской советской комедий.Т.:',1974., И. Л.Вишневская. Гоголь и его комедии. М : 1976., Вишневская .Комедия на орбите. М : , 1979, А. Журавлева. А. Н. Островский - комедиограф. М : , 1981; Хаусман В. Драматургия Райниса. АДД. – Рига,1972; Горбунова Е. Идеи. Конфликты. Характеры. Москва, 1960; Громова М. Русская драматургия (конца XX-начало XXI века). –М. : «Флинта», 2006; Х.Миңнегулов. Дөңьяда сүземез бар/ Х. Миңнегулов. –Казан. «Мәғариф».-2007; Х. Миннегулов. Татарская литература и Восточная классика (Вопросы взаимосвязей и поэтики). – Издательство Казанского университета, 1993; Ахмадиев Р. Б. Современная башкирская драматургия. АДД, - Уфа-2003; Имамов Б. Хаят ва драматик конфликт. Ташкент. 1968;

Камалидденов С. Характер в современной узбекской драматургии. Ташкент. 1969; Абдусаматов Х, Саматов Х. К. Яшен – драматург. Ташкент, 1951; Кулиев Н. Пути развития азербайджанской советской комедий. АДД. Баку. 1963; Микулашек М. Пути развития советской комедий. М. 1960; Терзибаян В. История армянской драматургии. АДД. Ереван. 1961; Билокина А. Современная якутская драматургия.-Якутск,1998; Найдаков А. История бурятской советской драматургии. Улан-Удэ-1985; Ханнанов Р. Татарская сценическая литература в контексте тюркской драматургии (конец XIX-начало XX веков). АҚД. – Казань-2009; Н. Майнагашева. Хакасская драматургия (1920-1990-х годов). Монография. Абакан-2008.

7 **Байтұрсынов, А.** Ақ жол. /Құраст. Р.Нұрғалиев/. – А : 1991.

8 **Тәжібаев, Ә.** Қазақ драматургиясының қалыптасуы мен дамуы: Филол. ғыл. докторы ғыл.дәреж.алу үшін жазылған диссертация. – Алматы, 1970.

9 **Нұрғалиев, Р.** Қазақ драматургиясының жанрлық проблемалары: Филол.ғыл. докторы ғылыми дәреж. Алу үшін жазылған диссертация. – Алматы. 1982.

10 **Әбілов, Ж. Қ.** Мұхамеджанов драматургиясы: Филол ғыл канд... дисс. – А., 1995. Әбілов Ж. Қазақ комедиясының генезисі мен жанрлық негіздері. ф.ғ.д. ғылыми дәрежесін алу үшін жазылған диссертация. – Алматы. 2001.

Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті,
Көкшетау қ. Материал 11.12.12 редакцияға түсті.

А. Шапауов

Проблемы исследования казахской национальной драматургии

Кокшетауский государственный университет
имени Ш. Уалиханова, г. Кокшетау.
Материал поступил в редакцию 11.12.12.

А. Shapauov

Problems in the study of the Kazakh national drama

Kokshetau State University after Sh. Walikhanov, Kokshetau.
Material received on 11.12.12.

В статье рассматриваются проблемы исследования казахской национальной драматургии.

Author of article discusses the problems in the study of the Kazakh national drama.

*Ә. Шапауов, **Н. Жүсіпов

КОМЕДИЯДАҒЫ ТАРТЫС ТАБИҒАТЫ

Мақалада комедия негізіндегі туындыда қазақтың ұлттық драматургиясының қазіргі кездегі батымдылық жанжал мәселелері қарастырылған.

Комедия – драма жанрының негізгі бір түрі. Комедиялық шығарма қоғамдағы келеңсіз, адам өміріндегі кереғар, жағымсыз әрекеттерді көрсету, сынау үшін және келешек ұрпақты осы қылықтардан сабақ ала отырып сақтау үшін адамзатқа салмақ салар жағы бар көркем шығарма. Комедияның бірнеше тәсілмен дамитыны белгілі. Комедиялық шығарманың әр элементі күлкі тудыратындай болуы шарт. Нағыз комедия кейіпкерлерінің тіліне күлесіз, киген киіміне, қимылына, сөйлеген сөзіне, жауабына күлесіз. Комедияның табиғатына, зерттелуіне байланысты көптеген еңбектер бар [1].

Драмалық шығармалар негізінен трагедиялық, драмалық, комедиялық болып іштей жіктелгенімен, олардың әр қайсысының бойынан бірінің табиғаты танылып жатады. Комедияға қоятын талапты драма, трагедияға қоюға болмайды, оның жанрлық табиғатына сәйкес өзіндік ерекшелік, белгілері бар. Ал, драмада трагедия, комедияның элементтері жүретін болса, керісінше шығармаға оң беріп, ажарлап тұрады.

Ал, қазақ ұлттық драматургиясында комедия алғашқы кезеңде И. Мендіхановтың, К. Тоғысовтың, Б. Серкебаевтың, М. Әуезовтің, Б. Майлиннің, Ж. Шаниннің күлкі жанрына арналған шығармаларында көрініс болды.

Ерте замандардан келе жатқан ел арасына тараған өзілге, қулық, күлкіге бөленген әңгімелердің желісін алып, өңдеп, жандандырып, тамаша сахналық туындылар тудыра білді. Ауыл арасында жүріп, кейіпкерлері де елмен қоян-қолтық араласа отырып, өз шығармаларын қойғанда, бұндай өнерді дала, қыр қазағы көре қоймағандықтан, әрі өздері таңның атысы, күннің батысы сауықшыл қазақ ауылдары жаппай тамашалап, демеп отырған. Ел өнерпаздары сол замандарда кәсіби театр жасады деп айтуға толық құқымыз бар.

Әдебиеттанушы С. Наровчатов комедия жанрын шартты түрде: «сатирические, лирические, иронические, сентиментальные, романтические» [2,248], – деп бөледі. Ал зерттеуші В. Сахновский-Панкеев: «Комедия – счастливый жанр. Комедию любят все. Ведь ее непременный спутник – смех!» [3,224], десе, Н. Н. Киселев: «Комедия – это не просто пьеса, содержащая элементы смешного, это драматическое произведение, в котором комическое выступает доминирующим эстетическим качеством, когда и содержание

конфликта, и способ его воплощения, и образы главных героев комичны» [4,9], – деген нақты ой-пікірлер айтады.

Қазақтың белгілі жазушы-драматургы Бейімбет Майлин – күлкінің шебері. Б. Майлин комедиялары бір әктілі және көп әктілі болып екіге бөлінеді. Комедия – Б. Майлин шығармашылығының басым бөлігі. Себебі, автор ғасыр басындағы тұрмысы төмен, қараңғылығы басым қазақ ауылдарындағы, елдің жаппай сауаттану кезіндегі күлкілі элементтердің негізінде болашақ шығармасына өмірлік басты желі ете алған. Әсіресе, қулығы басым молдасымақтардың айласы немесе «сауаттылықты жою» кезіндегі мұғалім алдына әйелдерін бергісі келмейтін ауылдың аңқау еркектерінің қылықтары, бозбала мен бойжеткендер арасындағы күлкілі эпизодтар т.б. іс-әрекеттерден тамаша сахналық туынды шығара білген.

Дәстүр жалғастығының көрінісі ретінде 1960-90 жылдар аралығындағы ұлттық драматургиямыздың белді комедияшылары қатарына Қ. Мұхамеджанов, С. Адамбеков, С. Жүнісов, М. Хасенов, О. Бөкей т.б. жатқызуға болады.

Сәкен Жүнісовтің «Қысылғаннан қыз болдық» атты музыкалық комедиясының басталу жүйесі Б. Майлиннің «Ыбыраймыз, Ыбыраймын» (1928 ж.) атты диалогке құрылған шағын өлеңімен жүйелес, тіпті салыстыра қарасақ басқы жолдарына шейін сол үлгіге салған. Бұдан пьеса авторы С. Жүнісовтің қазақтың бір туар ұлы, ақын, драматургы, әңгіменің алдына жан салмас шебері Б. Майлиннің шығармашылық өнерін жалғастырғанын көреміз. Б. Майлин өлеңін «кеше», «бүгін» – деп екі кезең, екі заман ағымына құрса, С. Жүнісов комедиясының авансценасындағы шағын прологын осы шақ формасына, «бүгін» атты заман ағымына келтірген.

«Қысылғаннан қыз болдық» екі әктілі пьесада драматург ұстанымы бойынша ондағы көтерілетін мәселе екеу болуы шарт. 1) Бірыңғай күлкіге арналуы қажет болса, 2) Күлкі астарында әлеуметтік, адами мәселе, адамзат трагедиясын мысқылға, сатиралық образдарға теліп, сынауы шарт. Комедияның көтеретін мәселесі – совхоздағы мәдениет, көркем өнерпаздар үйірмесінің хал-жағдайы. Авансценадағы директор мен белгісіз адам арасындағы диалогында директордың: «Тұрмысымыз ежелден дұрыс-ау, әттең, мәдениетіміз нашар аталып бюрода бұйраланып тұрмыз-ау!», – дегенінен бар сырды аңғаруға болады. Комедиядағы оқиғаға қатынасушылар құрамы, яғни көркем өнерпаздар үйірмесінің штаттық құрамы да күлкі тудырады. Бірде-бір кейіпкерлерінің өнерге деген кәсіби бейімі, ыңғайы жоқ. Тіпті көркемдік жетекшісі Жұматтың негізгі мамандығы – мал дәрігері.

Бірінші көріністегі оқиға бастамасы да күлкі тудыруға бейім тұр. Мысалы:” перде сырғып ашыла бере совхоз өнерпаздарының шағын ән-күй ансамблінің құрамындағылар ән салып жатыр. Өнерлілер құрамы: Алтынбек – милиционер; Айгүл – оқытушы; Майра – басбух, декреттегі әйел; Сәния –

аспазшы, декреттегі әйел. Ансамбльдің қос жағында екі коляскада - сәбилер ұйықтап жатыр. Өнге қосылып сәбилердің шыр -шыр еткен жыласы, оған ашуланған «совхоз директоры. Осындай жерге балаларынды шулатып әкелуді қашан қоясындар! Ертең астанада сендерді тыңдай ма, балаларынды тыңдай ма? – дегеніне декреттегі әйелдер. Енді қайда тастаймыз бұларды? Декретімізді де дұрыс пайдаланған жоқпыз» дегендерінен, комедиялық негізгі тартыс – директор мен совхоз жұмысшыларының арасында. Совхоз милиционері Алтынбек пен мал дәрігері Жұматтың арасындағы диалогтері де күлкілі жағдай жасай алады. Мысалы: Жұмат. Балаларды жаман үйрететін аналары. Қыңқ етсе болды, қолақпандай шыныны көмекейлете бастайды, – десе, Алтынбек. Ер жеткенсоң бөтелкелерге бұлар үйір болмағанда, кім үйір болсын! Драматург кейіпкер тіліне де зор мән берген. Сәнияны татаршалатып: «Ғадетләнбәсін дисәгіз, балалар бахшасын нигә ашмисыздар. Бахша ашылми деп, пәрзәнт кутәрмәйміз ба ? Иари онда...», – дегенін ұлттық өрнек жасайды.

Директор. «Бала көтеру үшін менен рұқсат сұрайтын шығарсындар, жаман қатты. Бұлардың бала тапқышына не берерсің...», – деп, қалтасынан соска кигізген екі кішкентай шөлмек шығарып, – мә, аудандағы аптекадан зорға сұрап алдым, – деуі де еріксіз езу тартқызады

Драматург С.Жүнісов бұл комедия да тек қана осы тақырып аясында ғана, күлкілі ситуацияларды ғана сөз етіп қана қоймай, қоғам, заман шындығын да қоса қабат беріп отырады. Мысалы: Директор. Қай жасың бар? Қазір жоғарғы оқу орнына түссе-ақ жастардың бірі орала ма елге? Елде де шаруа, жұмыс, былайша айтқанда, ел тағдыры күтіп тұр-ау, ауыл азаматы емеспіз бе дейтін қайсың бар? Бес жылғы оқу аздай, аспирантура, одан соң докторантура. Одан соң елге несіне келеді?...Жалпақов деген агрономның баласын бес жыл совхоз күшімен оқыттық. Оқуын бітірген соң «климат жарамайды» деген справка алып, астанада қалыпты». С. Жүнісов комедияның эпилогын Бейімбет Майлин өлеңінің үлгісімен, дамыта отырып аяқтайды.

Сәкен Жүнісовтің «Кроссворд немесе әзіл маскарад» атты екі бөлімді сатиралық комедиясы алғаш рет бойынша 1983 жылы Семей қаласындағы Абай атындағы музыкалы драма театрында режиссер Е.Обаевтың шеберлігімен жүзеге асты. Қарағанды драма театрында 1989 жылы, Павлодар қаласында Ж. Аймауытов атындағы музыкалы драма театрында 1994 жылдың қаңтар айында белгілі өнер қайраткері Е. Тәпеновтың режиссерлығымен сәтті жалғасын тапты. Ал М. О. Әуезов атындағы академиялық драма театрында қойылып, ертеңінде «Орталық Комитеттің» тарапынан нұсқау беріліп, театр репертуарынан алынып тасталды. Ол жөнінде белгілі театр, драматургия сыншы Ә. Сығаев: «Әуезов театры сахнасында небәрі бірақ рет көрсетілген «Кроссворд...» Орталық Комитеттің нұсқауымен суырмаға

қалай сып бергенін білмей де қалды. Хайуандардан да бетер, мақұлықтан ары тұрған адам-азғындардың сұрқия сүлдесін Маймыл, Түлкі, Қасқырдың кейпінде маска арқылы күлкілі көрсететін драмашының асқан шеберлігі әлдекімдердің шамына тиді. Қайсыбіреулер сахнадан өздерін танып жатты. Кейбіреулер бір-біріне күдікпен қарай бастады» [10,78], – деп әділ бағасын берген. «Кроссворд...» пьесасы турасында баспасөз беттерінде ғалым, сыншылар қауымынан әртүрлі пікірлер болды [11].

Пьесаның бірінші көрінісіндегі оқиға бір қалалық мекеме бөлімнің бастығы Орынбасар Амировичтің есігіне кіру үшін телміріп отырған қарапайым адамдар өкілідері. Бастықтың қоңырауы шылдыр еткенде секретарь әйел Зоя ішке еніп, жылдам қайта шығып сырттағыларға: «Махаббаттың алғашқы белгісі не?», – деп кіруге зарығып отырғандарға сауал тастайды. Іле-шала Зоя: «Ал, кім тез табады (күліп), соны Орынбасар Амирович қабылдайды», - дегенінен-ақ іштегі бастықтың жұмыс уақытында ерігіп, кроссвордты ермек қылып, қарапайым халықты елемей отырғанынан қандай адам екенін сездіртеді. Бастықтың бұл қылығына шыдай алмаған жасы егде тарта бастаған Бақай. Бұны бізден неге сұрайды? Сонда моральдық жағымызды тексеру ме?», – дегеніне музыкант-педагог Мұрат: Жоқ аға. Бұл – кроссворд, сөз жұмбақ, кейбір адамдардың осындай хоббиі болады. Қайтесіз, білгендерімізді айта берейік», – деп кейістік білдіріп отыра береді. Екінші көріністегі оқиға -Орынбасар Амировичке масхана бастығы Хайдаров мұнын шағып отырумен басталады. Өзі 34 жыл адал еңбек етіп келе жатса да шені әлі күнге дейін «капитан», ал өз тұтастарының алды «генерал», «полковник» болып жатқанын арасында тілге тиек етіп қояды. Осы көріністен іле-шала пьесадағы қақтығыс, тартыс өрбіп кете барады. Бұл – шығармадағы алғашқы тартыс, қақтығыстардың басы. Бастық бірге өскен тел құрбысы Хайдаровты біріншіден, мәдениетсізсің, есікті қағып кірмедің, екіншіден, өзінің биік қызметін бетіне басып, айқайламай сөйле, жұмысың болса тез айттың астына ала береді.

Мысалы: О р ы н б а с а р. Званиянды көтеретіндей соңғы 15 жылда ерекше еңбегің жоқ.

Х а й д а р о в. Оу, вытрезвительдің начальнигінде не еңбек болуы керек көзге түсерлік? Немене мен гектарына 15 центнердің орнына 20 центнер астық оратын диқанмын ба немесе бір сиырдан пәлен литр сүт сауып жоспарды асыра орындайтын сауыншымын ба?, - деп екеуара тартыс диалогы әр жағдай басын қозғап айтысып отырады.

Келесі көріністегі оқиғада - айықтырғыштағы тіршілік әрекеті. Масхана медбибісі мен шомбал қара милиция қызметкері күнделікті, жаттанды рәсімдерін жасап, қабылдап жатыр. Хайдаров үйінен «тойып» шыққан жаңа жылды ерте қарсы алушылар «түнгі көбелектей» айықтырғышқа топырлап кезек-кезегімен түсе бастайды. Алғашқы болып Бақай-почтальон түседі.

С. Жүнісов ойының әдеттегіден тың шешімі – айықтырғышқа түсушілерге өмірдегі табиғатына сәйкес бір-бір «аңдық маска» кигізуі. Драматург мақсаты – өмірдің бұралан жолын, ішіп-жеу, халық үстінен күн көру, жағыну, өтірік қылымсу, арандату, басыну т.б. қаракеттердің бетін ашу, алдын алу. Пьесаның өміршеңдік негізгі мәні де осы. Айықтырғышқа келіп түскен «клиенттерге» табиғатына сәйкес бір-бір маска кигізеді: Бақай-«қоян», Симулянский – «түлкі», Ашот – «борсық», Бөрібай – «қасқыр», Фарид – «есек», Олег Николаевич – «мысық», Мұрат – «маймыл».

Жаңа жыл алдында "қызу жұмысты" бір тексеріп шықпақшы болған бастық Орынбасар Амировичтің де масханаға тап болуы – тосын, ерекше жағдай. Үстінде қызмет киімі болғанымен қалтасында еш құжаты жоқ, шомбал қара милиционерге өзін мойындата алмай (себебі, ешқашанда қызмет бабымен жұмыс орнын араламайтын, кабинетіне ешкімді қабылдамайтын тоң мойын) алдыңғылардың соңын алып, «арыстан» маскасына ие болып қатарға қосылады.

Драматург С. Жүнісов комедиялық шығармасының оқиғасын күлкілі, ащы мысқыл тартысқа құрып, жаңа жыл қарсаңында "маскарад" ұйымдастырып, көрерменінің, қалың қауымның жүрегіне жылы жол тауып, оқиға тартысын, персонаждар әрекеттерін қоюлатып, бүкпесіз шындықты, өмірдегі шын келбеттерін, сыбықтарынан хабар бергізу үшін, "бет перделерін" жауып бір-біріне өз аттарынан сырларын айтқызатын тың амал ойлап тапқан. С. Жүнісов кеңес заманында халық атынан ішіп-жеушілердің, әлеуметтік теңсіздік, қызметін жеке басына пайдаланушылардың шын портретін сескенбей сахналаған. Пьесаның бірінші бөлімі – кейіпкерлердің кезек-кезегімен маска киюлерімен аяқталады. Шығарманың экспозициясы да толық ашылады.

Екінші бөлімдегі оқиға айықтырғыш ішінде жалғасады. Оқиға тартысы да қыза түседі. Ақ төсектің үстінде жатқан «мастар». Аңдар арасындағы басты әңгіме – «қоғамда кім жегіш», – деп даурығысып, бәрі Орынбасар Амирович деп бас салысады. Аңдардың біреулері қорғаса, біреулері керісінше жегіштігін дәлелдегенсіп, өздерінше айыптайды. Аңдар айтысы басталады да кетеді. Пьеса шындығы көзімен қарағанда, аңдар өмірдегі өздерін танымай, тіршіліктегі келеңсіздік атаулыны ортаға салады. Араларында тек қана ку түлкі Арыстан (Орынбасар) кіріп келгенде де жазбай танып, асты-үстіне түсіп «үлкен адам», байқап сөйлендер деп!,- жылмандай отырысады. «Аңдар» өмірінен мысалдар келтірейік:

«М а й м ы л. Пой-пой! Пой-пой! Бүгін бүкіл зоопарк көшіп келген бе? Ой, сабаз-ай, айуандардың жатысын-ай!» А р ы с т а н. Айуаның не, ей ?

М а й м ы л. Айуан деген мына сен – Арыстан, сен – Қасқыр, сен – Түлкі, сен – Борсық. Ал, өттерің жарылып кетсе де! ...

А р ы с т а н. Ішкен екенсің, жұртқа ұрынбай жайына түр, көргенсің!, – деп қай жерде де Арыстанның кеуде көтермек пиғылы қалмайды.

Драматург С. Жүнісов әр айуанның ішкі жан дүниесінен де сыр оқытады. Мысалы, «Қоян» (Бақай) – қалалы жерде көп уақыттан бері адал еңбегімен почтальон, 14 баласымен 4 бөлмелі үйде тұратын ішкіш.

Түнгі қонақ – Мысық (Олег Николаевич) қаладағы қонақ үйлерде орын болмай (шынында олардың тілін таба алмай), түнеп шығар жер іздеп жүріп, ақыры амалы таусылып «масханаға» келеді. Түнгі қонақ көп ойланбай ішіп келіп «занды қонақ» болып «рәсіммен» қабылданады. Маймыл (Мұрат) – музыкант-педагог, үйленбеген, үйсіз-күйсіз, тұрмыстың ауыртпашылығы әбден езіп жіберген бейбақ жан. Айықтырғыш өзінің айтуынша тұрақты мекені, демалыс орны. Алғаш кіріп келгенде м а й м ы л (Мұрат). «Пой-пой! Бүгін бүкіл зоопарк көшіп келген бе? Ой, сабаз-ай, айуандардың жатысын-ай!», – деп барлығына бір-бір тиісіп өтуінде үлкен сыр бар. Тіпті мына эпизод езу жиғызбайды. «Айуандар» - деген сөзге намыстанып қалған Арыстанды (Орынбасар), Түлкіні (Симулянский) былай деп жақсы қатырады. М а й м ы л (Мұрат). «Быыл жазда курортқа келген бір профессор осында түсіп қалды. Сол айтады:» Адамдарды өлім ғана теңейді», - деуші еді бұрынғылар, ал бұл кезде «Адамдарды вытрезвитель теңейді», – дейді. Так што, айғайлама, жолдас арыстан! Сен түгілі профессордың өзі де мына бізбен тең сөйлескен, әттен ондай кісілігі бар адамдар енді түсер деймісің!» – дегенінде ұлт, ұрпақ арына бататын сөз бар.

Маймыл (Мұрат) айықтырғышта күнде жататын үйі болғандықтан да оның үйреншікті орны, төсегі, аяғына киетін тәпішкесіне дейін бар, сол үшін қасындағылармен сөзге келуінде де ащы мысқыл, ауыр ой, салмақ бар. С. Жүнісов Мұрат бейнесі арқылы өмірдегі музыкант, педагогтардың көпшілігінің үйсіз-күйсіз, айлығы тамағына әрең жететін халдерін комедиялық шығармасына арқау етіп, кеңес үкіметі заманында құпия, бәрі жақсы делініп келген тұсында да ашық айтып, шындығын әшкерелеп береді.

Арыстан (Орынбасар) – айықтырғышқа ойламаған жерден келіп түседі. Орынбасар Амирович өмір тұрмысынан кабинетінде төрт қабырғаға қарап артта қалғанын бір түннің ішінде сезінеді, күйінеді, еріксіз қатты ойға шомады. Пьесаның әлеуметтік мәні де осында. Бастықтың тоң мойыны әбден сіресіп қалғаны сонша, жар бере қоймайды. «Ә» дегенде аңдар айтыс-тартыс диалогтарындағы негізгі әңгіме арқауы «қоғамда, өмірде, осы кім жегіш, ішкіш, пайдакүнем» дегенде, барлық аңдар бір ауыздан шу етіп «Орынбасар Амирович» деп даурығысады. Оған арыстан кейпіндегі Орынбасар өзінің табиғи қалпына түсіп кеткенін білмей шыр-пыр болады да қалады.

Пьеса шарықтау шегіне жетіп, «маскалы аңдар» сырласуынан шындықтың беті ашылып, осы болып жатқан, кеткен ақауларға «кім кінәлі» деген заңды сауалға түспалмен, жобамен жауап алғандай болған сәтте айықтырғыш бастығы, капитан Хайдаров үйінде ұйықтап жатып, небір ауыр түс көріп, сандырақтап оянады. Күйеуінің жанайқайына ас үйден жүгіре басып келген әйелін көргенде одан бетер ыршып кетеді. Сөйтсе ұйқылы-ояу

күйінде әйелі қолындағы нан жаятын оқтау – дубинка ұстаған милиционер болып көзіне елестейді. Жөніне енді келген капитан өз қонақтарының түгелдей айықтырғышқа түскені – төтті түсіндегі қиялы екеніне қатты қуанып кетеді.

«Кроссворд немесе әзіл маскарад» атты екі бөлімді сатиралық комедияның көтерген мәселесі – бүгінгі өмірдегі шындық. Қазіргі заманда да айықтырғыштағы оқиға барысы осы сатиралық туындының айналасында. Драматург С. Жүнісов еліміздегі індет – маскүнемдіктің, халық басындағы трагедиялық халдің бетпердесін ашып, көрсетеді. Пьеса авторы көптеген жағдайлардан шетпұшпақтап, ишара тастап, «ойлан, ұрпақ» ұранын да қатар көтеріп отырады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 **Фильдинг, Г.** Комедия. – М., 1954. В. Андре. Бесчеловечная комедия (О Бальзаке). М., 1967. Фролов. О советской комедии. – М., 1954. Судьбы жанров драматургии. – М., 1957. В. Сахновский-Панкеев. О комедии. – М., 1964. В. Волькенштейн. Драматургия. – М., 1969. Ю. Манн. Комедия Гоголя «Ревизор». – М., 1966. Н. Н. Киселев. Проблема русской советской комедий. Т., 1974., И. Л. Вишневская. Гоголь и его комедии. – М., 1976., Вишневская. Комедия на орбите. М., 1979. А. Журавлева. А. Н. Островский - комедиограф. – М., 1981.

2 **Байтұрсынов, А.** Ақ жол /Құраст. Р. Нұрғалиев / А., 1991.

3 **Тәжібаев, Ә.** Қазақ драматургиясының қалыптасуы мен дамуы: Филол. ғыл. докторы ғылдәреж. алу үшін жазылған диссертация. – Алматы, 1970.

4 **Нұрғалиев, Р.** Қазақ драматургиясының жанрлық проблемалары: Филол. ғыл. докторы ғылыми дәреж. Алу үшін жазылған диссертация. – Алматы, 1982.

5 **Әбілов, Ж. Қ.** Мұқамтежанов драматургиясы: Филол. ғыл. канд. дисс. – А., 1995.

6 **Әбілов, Ж.** Қазақ комедиясының генезисі мен жанрлық негіздері. ф.ғ.д., ғылыми дәрежесін алу үшін жазылған дис-я. – Алматы, 2001.

7 **Наровчатова, С.** Необычное литературоведение. – М.: Дет. лит., 1981.

8 **Сахновский-Панкеев, В.** О комедии. – Л-М.: Искусство, 1964.

9 **Киселев, Н. Н.** Проблемы русской советской комедий 20-30-х годов. Автореферат на соис.уч. степ. док. филол. наук. – Москва, 1973.

10 **Сығаев, Ә.** Өмірдің өз шындығы //”Қазақ әдебиеті” 4.02.1994.

11 **Сапаев, Ф.** Масханадағы маскарад //”Семей таңы” газеті, 6.03, 1998, С. Алпысов. Айықтырғыштағы ағайындар //”Орталық Қазақстан” газеті, 19.01.1989. М. Құрманғалиұлы. Мыйтрезвитель //”Сарыарқа самалы” газеті, 12.198, 1994.

*Ш. Уәлиханов атындағы

Көкшетау мемлекеттік университеті, Көкшетау қ.;

**С. Торайғыров атындағы

Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар қ.

Материал 11.12.12 редакцияға түсті.

A. Shapauov, N.K. Zhusipov

Природа конфликта в комедии

*Кокшетауский государственный университет имени Ш. Уалиханова, г. Кокшетау;

**Павлодарский государственный университет имени С. Торайгырова, г. Павлодар.

Материал поступил в редакцию 11.12.12.

A. Shapauov, N.K. Zhusipov

The arigins of a conflict in comedy

*Kokshetau State University after Sh. Walikhanov, Kokshetau;

**Pavlodar State university named after S. Toraigyrov, Pavlodar. Material received on 11.12.12.

В статье на основе комедийных произведений казахской национальной драматургии рассматривается проблема конфликта современной действительности.

In the article the problem of contemporary reality conflict is speculated based on Kazakh national comedy pieces.

ӘОЖ 81’373.612.2

Н. А. Шахметова, А. Т. Омарова

ПОЭТИКАЛЫҚ ТІЛДІҢ ҰЛТТЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Осы мақалада Фариза Оңғарсынқызының поэтикалық тілдің ерекшелігі анықталады. Әлем туралы ақпараттың қайнар көзі және таратушысы поэтикалық сынақтама болып табылады, осы және басқа да халықтардың ұлттық мәдениетін жарып оту призмасын көрсетеді.

Поэтикалық мәтін – өте күрделі психо-интеллектуалды құбылыс. Поэтикалық мәтінде дүние бейне арқылы жасалады. Өмір құбылыстарын ойдағы, қиялдағы көркем бейнелер көмегімен таныту поэтикалық мәтіннің өзіндік ерекшелігі деп танымыз.

Қазақ тіл білімінде поэтикалық тілді тұтас бір эстетикалық дүние деп танып, басқа жанрлардан ерекшелігін айқындап көрсеткен – академик Р. С. Сыздықова. Ғалым: «Көркем шығарманы тұтас бір эстетикалық дүние деп қарастыратын болсақ, оның айтпағын (мазмұнын) білдіретін құрал – поэтикалық тіл деп білу қажет. Поэтикалық тілдің жақсы көрінетін жері – поэзия, өлең-жыр. Поэтикалық тіл дегеніміз, бір жағынан, сөзбен түскен әсем кестелер болса, екінші жағынан, сол кестелерді төгетін амалдардың көрінісі. «Поэтикалық» деген анықтауыш тіл көркемдігінің, дәлірек айтсақ, көркемдік үшін қолданыстың биігін білдіреді», – деп тұжырымдайды [1, 15].

Поэтикалық мәтін – дүние туралы ақынның авторлық бейнесін танытатын тілдік фактор. Демек, дүниенің поэтикалық моделі автордың дара танымы мен санасында туған бейнелер жиынтығы арқылы құралады. Ақынның айтпағы тілінің әсем өрнегімен ұштасып жатса, поэтикалық көркемдік деген нағыз ақындық қуат деп білеміз.

Мақаламыздың зерттеу мақсаты – ақын Фариза Оңғарсынова поэзиясының ұлттық ерекшеліктерін айқындау.

Бүгінгі көркемдік әлемі кемелденген қазақ поэзиясының жарық жыр жұлдыздарының бірегейі – Фариза Оңғарсынова.

Фариза ақынның өлеңдерінде «ақ» сөзі көп қолданылады, бірақ лексема өзінің түсті білдіретін тура мағынасында кездеспейді. «*Ақ арман*», «*ақ сезімдердің ақ айдыны*», «*ақ түтек ойлар*», «*ақ дауыл (болып келемін)*», «*аппақ ойлар*», «*ақ толқындар*» сөз тіркестерінде «ақ» сөзі пәктікті, тазалықты, кіршіксіздікті, ой кеңдігін білдіреді. Мысалы: «Жаным пәк, *аппақ* едім балауыз балапандай, / Көңілім жас баланың кіршіксіз жанарындай» («Жаным пәк, аппақ едім...», 26 б.), «Ниетің *аппақ* екен, / Осы бір тазалықты сақта, көкем!» («Ниетің аппақ екен...», 29 б.), «Атындар, *ақ* тандарым, арайларым, / Арайдан үміт тұнған тарайды ағын. / Шашындар шуақтарды, кеуде-ұядан / Қияға канат қақсын сан ойларым!» («Атындар, ақ тандарым, арайларым...», 243 б.).

Біздің пайымдауымызша, түр-түсті білдіретін сөздер, олардың ауыспалы мағынада қолданылуы «ұлттық психология», «салт-сана», «әдет-ғұрып» секілді тіркестерді тілтанымның ұлттық өзгешелігін айғақтауға бағыштайды.

Академик Ә. Қайдар мен З. Ахтамбердиева «Түр-түстердің тілдегі көрінісі» атты ғылыми зерттеулерінде: «Түр-түс әлемі жайындағы түсініктер халықтың салт-санасымен, қабылдау болмысымен байланысты. Осының негізінде символдық және бейнелеуіш мағыналар қалыптасады, сол себепті «идеал» мәселесі де түр-түске қойылатын талаптардың бірі», – деп

қарастырады [2, 132]. «Ұлттық дәстүрді танымдық әрекеттің ажырамас бөлшегі ретінде бағалаған зерттеушілер «сұлу бейнені» сомдайтын түстерді де «контрасты» үш түрге жіктеп айқындады, мәселен, ақ маңдай, ақша бет, ақ тамақ, ақ саусақ, ақ дидар, ...қара көз, қара шаш, ...қызыл ерін, қызыл рең т.б.» [2, 133].

Фариза Оңғарсынова поэзиясында бірқатар сөздер символ ретінде қолданылады.

Символ дегеніміз – белгілі бір дерексіз ұғымды, идеяны өз атауымен атамай, нақты бір заттың атауымен беру. Символ – затқа балап білдірілген поэтикалық бейне, өлең тілінің семантикалық дүниесі. Ю. С. Степанов: «Символ ғылыми ұғым емес, поэтика ұғымы, ол әрқашан белгілі бір поэтикалық жүйе шеңберінде анықталады және тек сонда ғана ақиқатқа ие болады», – деп танытады [3, 27].

Қ. Т. Қайырбаева символды лингвомәдениеттанымдық тұрғысынан зерттей отыра, мынадай тұжырым жасайды: «Символ белгілі бір мазмұн идеясымен тығыз байланысты, ол өз кезегінде басқа бір, неғұрлым құнды мәдени мазмұнды білдіру қызметін атқарады. Символ – кез-келген мәдениетке тән құбылыс. Символ әртүрлі мәдениет контекстінде кодтала отырып, түрлі мәнге ие болады. Бұл орайда қай ұлттың болмасын өзінің ұзақ даму тарихында эстетикалық ұғым-түсініктеріне, шаруашылық кәсібіне, мінез-құлыққа, ырым-нанымы, салт-дәстүр ерекшеліктеріне байланысты сүйкімді образдары, сөз-символдары болады» [4, 133].

Ақынның шығармашылығында жиі қолданыстағы ‘дауыл’ сөзіне тоқталайық.

Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде «дауыл» лексемасы екі мағынада беріледі: 1) шаңдатып, борандатып, алай-түлей қып, қатты соғатын жел; 2) ауысп. ауыртпалық, қиыншылық [5, 526]. Фариза ақын өлеңдерінде дауыл – ақындықтың символы: *Меңіреу тыныштығыңды талқан етуге ақ дауыл болып келем мен* («Дауылды аңсау», 149 б.).

Арна – өмірдің, тірліктің үлкен қозғалыс иесінің символы. Арна өлеңінде *өзендер* кедергілері *келеке еткендей*, дүниеден *сескенбейді*, *түп-тұнық көл* сырт көзге *мөлдіреп көрінеді*, *тұншығып жатады*, ол өр ағыстары *қызығып*, *қымсығып қарайды*. Бұл жердегі өзендер де, көл де адам қылықтарымен сипатталады. Алапат толқын, сарқылмас, солмас тасқын эпитеттері өрлікті, күрескерді сипаттайды. Сондай-ақ, *бұрқанып*, өр екпінмен жолсыз жақтарға *бұлтартып*, *құздарға соғып бас ұрып бұлқынып*, *ашынып* деп келген етістіктердің семантикалық реңкі динамиканы, қарқынды көрсететін сөздер. Демек, бұлар өлеңнің эмоциялық-экспрессивтік тұтастығын құрайды. Сонымен қатар, эпитеттер мағына тереңділігімен ерекшеленеді және ақын шығармашылығына ұлттық сипат береді: «Жанары – айдын, сезімі – от, пүліш – дене, / Өзі тірлік – сынады күміс шеге, / Қайдан өнер кісілік, пейіл – бұлақ,

/ Бара жатса тарылып адамдарда»; «Жарма мінез ақ болсаң, ақымақсың, / Дөңгеленіп жұмыр бас, жұмыр құрлық, расында шырқырап құлын-шындық» («Арна», 97 б.). Бейнелі сөздер ақындық, эстетикалық сезімнің, дүниені бейнелі түрде танып-білетін және танытатын көркем ойдың негізі.

Жалпы, Фариза Оңғарсынова поэзиясында сөз-символдар айтарлықтай мол. Мұндай сөздердің символдық сипатын сол өлеңнің жалпы тақырыбы, семантикалық мазмұны айқын көрсетіп тұрады.

Ақынның поэзиясында теңеу мәнде қосарланған құрылымдар көп кездеседі. Олар сөз-бейнелер: *ақыл-шың, құмар-бұлақ, көңіл-құнан, ой-толғақ, арман-айдын, арман-нұр, тұман-қайғы* т.с.с. Бір ғана «жыр» сөзі *жыр-теңіз, жыр-бұлақ, жыр-ару, жыр-әлем, жыр-маржан, жыр-күй ...* болып тізіле береді. Мұнда қосарланған тіркестің соңғы сыңары алғашқысының баламасы, яғни теңей, ұқсастыра, балай айтылған жасырын сөз теңеу болып келеді. Мысалы: «Жай тастап тіршілікке теңбілді ала, / Жойқындай *жыр-әлемге* ендің дара» («Мақатаев туралы жыр», 339 б.) Мұндағы «жыр-әлем» тіркесі дүниенің ән-жырға толы әсемдігін сипаттайды, яғни прагматикалық бояу енгізеді. Демек, жасырын теңеу ақындық қолтаңбаның белгісі.

Поэзия тілінің ерекшеліктеріне толы шығармаларының бірі – «Мүшәйра» поэмасы.

«Мүшәйра» помасының негізгі идеясы – өткен күн шындығын бүгінгі өмірмен сабақтастыра суреттеу болса, Фариза апай осыған орай түрлі көркемдік ізденістерге барады.

Поэманың жазылу әдісі, ондағы көркемдік құралдарына назар аударғанда, ақынның ауыз әдебиеті, жыраулар поэзиясынан көп үйренгендігі байқалады. Әсіресе, поэмада молынан кездесетін ақынның тосын теңеулері мен жаңа сөз оралымдары. Мысалы: «Не қасиет күтерсің бүгінгі елден: / Жасқаншақтап күйеудей ұрын келген / Айтар сөзін көмейге көміп қойып, / Күн кешеді қорқумен, дірілдеумен» (179 б.); «Сықырлап сылаң қағып, өмір-женге, / Заман да құбылтады өңін демде. / Адам да жүгені жоқ жүйрік аттай, / Күз асып күштаратын жонын жерге» (182 б.).

Ақын өз шығармасында көркемдеуіш құралдардың бірі – метафораны да сәтті қолдана білген. Поэмадағы: «Сықырлап сылаң қағып өмір-женге, / Заман да құбылтады өңін демде» (182 б.); «Пайымдауға мұрша жоқ – заман-күйін, / Шырқ үйіріп шырмайды адам миын» (183 б.); «Су тартыла бастаған қара жердей, / Ой-теңізден жырақтап барады адам» (186 б.) т.б. метафоралық тіркестер қазақтың өзіне ғана тән ұлттық ойлауынан туғанын айта кеткен жөн. Сондай-ақ, ақын өлеңдерінің ішкі дыбыс үйлесімі, ырғағы күшті де әсем.

Фариза Оңғарсынова ауыз әдебиетіне тән көркемдік құралдарының бірі – гиперболаны ұтымды пайдалана білген. Бұл сөзге келесі мысалдар дәлел болады: «Күлімдесе – көн дала көл болады, / Қабақ шытса – демінен шыны

балқып» (178 б.); «Айдай ару көріктім, / Оймақ ауыз шоқ шашып, / Сен де бүгін желіктің / Жасыл жайлау даламда, қойларым да құнандай» (179 б.).

Қазақ тілінің барлық құндылығы мен сөз өнерінің бар байлығын шебер қолданған дара да дарынды ақын – Фариза Оңғарсынова. Фариза апай поэзиясының ерекшеліктерін анықтай отырып, оның дара, өзіне тән қолтаңбасын айқындауға тырыстық.

Жоғарыда айтылғанды қорытындылай келе, мынадай тұжырымдар жасауға болады: тіл мен ойлаудың байланысы арқылы ұлттық танымға, халықтық қабылдауға мән беріледі; «ұлттық рух», «ұлттық әлем», «ұлттық таным» ұғымдарын өзектеу мүмкіндігі тілдік амалдар арқылы ғана жүзеге асады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 **Сыздықова, Р. С.** Сөздер сөйлейді. – Алматы : Санат, 1994. – 272 б.
- 2 **Қайдар, Ә., Ахтамбердиева, З.** Түр-түстердің тілдегі көрінісі. – Алматы : Ана тілі, 1992. – 160 б.
- 3 **Степанов, Ю.** Константы: Словарь русской культуры: Опыт исследования. – М. : Школа «Языки русской культуры», 1997. – 992 с.
- 4 **Қайырбаева, Қ. Т.** Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың символдық мәні: филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациялық жұмыс. – Алматы : ҚазҰУ, 2004. – 138 б.
- 5 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі / Жалпы ред. бас. А. Ы. Ысқақов. – А.-А. : Ғылым. – Т. 4. – 1979. – 671 б.
- 6 **Оңғарсынова, Ф.** Екі томдық: Таңдамалы шығармалар. – А.-А. : Жазушы, 1987.

С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті,
Павлодар қ. Материал 04.12.12 редакцияға түсті.

Н. А. Шахметова, А. Т. Омарова

Национальные особенности поэтического языка

Павлодарский государственный университет
имени С. Торайгырова, г. Павлодар.
Материал поступил в редакцию 04.12.12.

N. A. Shakhmetova, A. T. Omarova

National features of poetic language

Pavlodar State university named after S. Toraigyrov,
Pavlodar. Material received on 04.12.12.

В настоящей статье определяются особенности поэтического языка Фаризы Онгарсуновой. Поэтический текст выступает носителем и источником информации о мире, представленной сквозь призму национальной культуры того или иного народа.

The features of poetic language of Fariza Ongarsunova are determined in the article. Poetic text comes forward as a carrier and source of information about the world, presented through a prism of national culture of one or another nation.

ЭОЖ 81'25

Н. А. Шахметова, М. О. Кумысбаева

МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРДІ АУДАРУДЫҢ ЛИНГВО-МӘДЕНИ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ (ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ОРЫС ТІЛДЕРІ НЕГІЗІНДЕ)

Мақалада мақал-мәтелдерді аударудың лингво-мәдени ерекшеліктері анықталады. Мақал-мәтел осы және басқа халықтың психологиясын, мәдениетінің ерекшелігін көрсетеді, сонымен бірге әлемнің ұлттық суретін құрады.

«Мақал-мәтел – сөз мәйегі», «Мақал – сөздің мұнарасы», – деп қазақ халқы ауыз әдебиетінің асыл жанрына аса құнды баға берген.

Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде мақал мен мәтелге мынадай түсіндірме берілген: мақал – үлгі өнеге ретінде айтылатын жалпы халықтық нақыл сөз. Мақал деп қысқа бейнелі, ұйқасты, тұжырымды нақыл сөзді айтамыз. Мәтел – тұжырымды, бейнелі әрі ықшам сөз. Мақал-мәтелдер – сөздік құрамының халық өміріндегі әрқилы кезендерді, қарым-қатынас пен қоғамдық құбылыстарды бейнелей сипаттайтын, көңілдегі ойды шебер де ұғымды жеткізетін, қысқа да нұсқа тұжырым жасайтын, мән-мазмұнға бай бөлігі [1, 102].

Қазақтың мақал-мәтелдерін алғаш қағаз бетіне түсірген ғалым – Ш. Уәлиханов. Ш. Уәлиханов пен Н. Н. Березин архивтерінде XIX ғасырдың елуінші жылдарында ел ауызынан жазып алынған екі жүзден аса мақал-мәтелдер сақталған. Сондай-ақ, қазақ ауыз әдебиетінің басқа үлгілерімен бірге қазақ мақалдары мен мәтелдерін де жинақтап, жеке жинақтар шығарып, қазақ тілі мен әдебиеті, тіл тағылымы мен мәдениеттің дамуына зор үлес

қосқан Ы. Алтынсарин, Ә. Диваев, В. Радлов, М. Терентьев т.б. сынды ағартушы-ғалымдардың еңбегі ерекше.

Мақал-мәтелдердің қазақ және орыс тілдерінде зерттелуіне тоқталмас бұрын отандық және орыс ғалымдары арасында пікірталас туғызған, олардың қай салаға қатыстылығы жөнінде айтылған тұжырымдарды атап кеткен жөн. Мысалы, фразеология саласының қалыптасуына өзіндік үлес қосқан В. В. Виноградов, Н. М. Шанский, В. Н. Телия, М. М. Копыленко, І. Кенесбаев, Ә. Т. Қайдар т.б. сынды ғалымдар мақал-мәтелдерді фразеология саласының еншісіне тиесілі деген ғылыми негіздемелер ұсынады [2, 128].

Мақал-мәтелдерді аудару барысында белгілі бір тілдегі мазмұнды дәл жеткізу, орыс тілдегі мақал немесе мәтелді түсініп, оны өз туған тілінде түсіндіруге және, керісінше, жасау іскерлігіне ие болу міндеті қойылады. Екі тілдің мақал-мәтелдеріндегі мағыналық реңктің ұқсастықтары мен айырмашылықтарын ұғыну қазақ тілі мен орыс тілдерін жетік меңгеруге елеулі көмек көрсетеді.

Ал, енді қазақ және орыс мақал-мәтелдерінің құрылымдық, мағыналық ерекшеліктері мен ұқсастықтарын көрсететін мысалдарға тоқтала кетсек:

1) «*Жақсы әйел жаман еркекті хан қылады*» – «*Хорошая женщина плохого мужчину сделает ханом*».

Бұл мәтелде сөздік баламасы және де мағынасы дәл келіп тұр, яғни тікелей аударылған. Бірақ «хан» сөзі аударылмай сол қалпында жазылған.

Зерттеушілердің пікірі бойынша, «хан» сөзінің семантикалық-тілдік реңкі өзгерген көне түркілердің «қаған» терминінен қалыптасқан. Негізінен, «хан» сөзіне бірнеше анықтама беруге болады: а) түрік-моңғол халықтарының феодалдық билеушінің мәртебесі; б) кейбір шығыс елдерінде «ұлы дворяндық» мәртебеге ие болған адамды осылай атаған. Сонымен қатар, «хан» реалия сөзі. Сондықтан да, оның аударылмай қалған бірден-бір себебі осында.

Реалия дегеніміз – ұлттық топты, әлеуметтік ортаның ерекшелігін құрайтын заттар, құбылыстар, салт-дәстүрлер және оларды білдіретін сөздер мен сөз тіркестері.

2) «*Бұқа қартайса да, мұрны қартаймайды*» – «*Старый конь борозды не портит*».

Бұл жағдайда орыс тілінде сөздік баламасының әр түрлі болуы, бірақ мағыналары жағынан жақын аударма. Орыс тіліне аудару барысында қазақ тіліндегі «бұқа» сөзінің орнына балама ретінде «конь» сөзі алынған, себебі «конь» сөзі мәтелдің мағынасына жақын және орыс халқының түсінігінде «конь» мифтік жануарлардың бірі болып табылады. Славян дәстүрінде аттың адам тағдырын болжай алу қасиеті бар деп сенген. Сонымен қатар, «конь» соғыс құдайларының жаршысы немесе бөлігі ретінде қаралған. «Конь» – славян салт-дәстүрі бойынша о дүниемен қарым-қатынас құралы ретінде,

мифтік кейіпкерлердің бір бөлігі. Ол жердің құнарлығы, өлім және жерлеу рәсімімен байланысты. Осыдан оның күнтізбелік пен отбасылық рәсімдерде және бал ашу кезіндегі маңызы байқалады. Тіпті, шынайы аттың жалпы славяндық фольклорлық уәжі өзінің қожайынына өлім болжай алу қасиеті тән [3, 245].

Ал қазақ халқы үшін «бұқа» ол төрт түлік малының Зеңгі баба пірі болып табылады. Пір – қасиетті сөз. Пірілік кереметтей ілім иесі, қарамағындағы халайыққа тәлім-тәрбие беретіндей жол көрсететіндей, ауру сырқауы, жолдан адасқаны, басына әлде қалай ауырлық түскені, жаны күйзелгенде қолтығынан су бүркейтіндей дәрежелі адам болған. Қазақтың төрт түлігінің пір иесі, киесі болған адамдар сол саланың маманы болған адамдар деп түсінуіміз керек. Сиыр атасы – Зеңгі баба. Сиырдың пірі – Зеңгі баба бұл да нақты өмірде болған адам. Қожалар шежіресінің бір білермені 3. Жандарбектің айтуынша, Арыстанбаб Қарахандық әулиеттен болуы керек. Халық ауыз әдебиетінде Зеңгі баба өмірін сиыр бағумен өткізген, сопылық ілімнің жетекші ғалымдарының бірі, түркілер арасында пір болған Сайд Ата, Садыр Ата, Бадыр ата, Ұзын Хасан Ата атты ұлықтардың пірі болған адам [4, 272].

3) *«Жеті жұрттың тілін біл, жеті түрлі ғылым біл» – «Стремись семью языками владеть и знание семи наук иметь».*

Бұл мақал орыс тіліндегі мағынасы жақын балама табу арқылы аударылған. Бірақ жеті санына назар аударсақ: екі тілде де жеті саны қолданылып тұр, оның себебі екі халық үшін де «жеті» саны киелі сан болып табылады, яғни осы наным орыс және қазақ халықтары үшін ұқсас келеді. Мысалы, орыс халқында жеті саны көптеген накыл сөздерде, мақалдарда қолданылады: «Семь раз отмерь, один раз отрежь», «Семеро одного не ждут» т.б. Жердің жүзін мекендеген халықтардың көбісі ерте кезден-ақ жеті санында сиқырлық күш бар деп санаған. Біздің ата-бабаларымыз да жеті санын қастерлеп, бірқатар таным-түсінігі мен табиғат құбылыстарын, аспан денелері мен заң жүйелерін жеті санымен атайды. Мысалы, «жеті жарғы», «жеті қарақшы», «жеті ата», «жеті күн», «жеті керемет», «жеті жүт» сияқты мысалдарды келтіруге болады.

4) *«Родная земля – золотая колыбель» – «Өз үйім – өлең төсегім».*

Қай халық болмасын, адамзат үшін үйдің алатын орны ерекше. Зерттеу барысында осы тақырып аясына жататын мақал-мәтелдердің екі тілде көптеп кездесетіндігі байқалады. Яғни орыс халқы үшін де, қазақ халқы үшін де туған жерге деген сүйіспеншілік бірдей. Ал, «өз үйім – өлең төсегім» тұрақты тіркесіндегі «өлең» сөзі ауыспалы мағынада қолданылып тұр. Э. В. Севортянның сөздігінде берілген анықтама бойынша, бұл тілдік бірлік түркі тілдеріне монғол тілінен енген кірме сөз, «сулы, сазды жерде өсетін нәрлі, жұмсақ шөп» деген мағынаны білдіреді [5, 395].

5) *«Анаңды Меккеге үш арқалап барсаң да, қарызыңнан құтыла алмайсың» – «Даже если трижды мать на себе в Мекку перевезешь – с долгом перед ней не рассчитаешься».*

Бұл жағдайда мақал сөзбе-сөз аударылған. Бірақ «Мекке» сөзі орыс тілінің фонетикасына бағынып, осылай қалдырылған. Себебі «Мекке» қаласы барша мұсылмандар үшін қасиетті қала болып табылады. Исламдық сенім бойынша мұнда Адам ата мен Хауа ана, Шис, Ибраһим, Исмаил пайғамбарлар (ғ.с) тұрған. Меккеге барып тәу ету мұсылмандықтың бес парызының бірі болып жарияланған [6, 322].

6) *«Сын берет пример с отца, а дочь – с матери» – «Әкені көріп ұл өсер, шешені көріп қыз өсер».*

Мұндағы аудармада сөздік баламасының әр түрлі болуы, бірақ екі тілдегі мақал бір мағынаны білдіреді. Әрине, екі халық үшін әйел затының алатын орны ерекше. Мысалы, қазақ халқы қыз баланы кішкентайынан төрге шығарып отырған, оның болашақтағы *ел анасы* боларына кәміл сенген. Қазақ қыздары даланың ерке елігіндей бұлаңдап өскен. Нәзік жанды қыздарға қарап, ер – жігіттердің бойына күш-қуат бітеді.

7) *«Құтты қонақ келсе, қой егіз табады» – «Если хороший гость придет, то овца двойню принесет».*

Бұл аударма дәлме-дәл жасалғанымен, екі халықтың мәдениетінде «қонақ», «қонақ күту» сияқты ұғымдарды кездестіруге болады. «Қонақжайлық» – қазақ халқының ұлттық салт-дәстүрінің бірі. Ең алдымен келген қонақты үй иесі, қарсы алып, есікті өзі ашып, үйге кіргізіп, соңынан өзі кіріп есікті жабады. Бұл қонақпен келген құт бірге кірсін дегені, ал қонақты шығарып саларда, есікті қонақтарға ашып, соңынан өзі шығарып салатын. Сонымен қатар, адамдар арасындағы сыйластықты, бір-біріне деген құрметті, қамқорлықты білдіретін, кісінің адамгершілігін, имандылығын айқындайтын қасиет. Адамдарды тіліне, дініне ұлтына бөліп-жармай, достық ықылас көрсетіп, ас-дәм беру – қонақжайлықтың негізгі белгісі. Қазақ халқының қонақжайлық қасиеті мен дәстүрі шетелдік саяхатшыларды мен ғалымдарды әр уақытта таң қалдырған.

8) *«Отансыз адам ормансыз бұлбұл» – «Человек без родины, что соловей без леса».*

Бұл жағдайда мақал орыс тіліндегі дайын баламасы арқылы аударылған. Мұнда да екі елдің қатар Отанына деген құрметі, сүйіспеншілігі анық бейнеленген. Отансыз адам – қай жерде жүрсе де бейшара адам.

9) *«В родной долине лучше прахом быть, чем на чужбине падишахом быть» – «Басқа елде сұлтан болғанша, өз елінде шаң болғанын артық».*

Мұнда – мақалдың мағынасының аударылу жағдайы. Бірақ «падишах» қазақ тілінде «сұлтан» сөзімен алмастырылған, себебі бір-біріне жақын ұғымдар болып табылады. Мысалы, «падишах» сөзі парсы тілінен «билеуші,

хан немесе сұлтан” деп аударылады. Негізінен «падишах» сөзі Иран және кейбір Азия мемлекеттерінде монархиялық мәртебе ретінде қолданылады. Көбінесе, мұсылман – сүнниттерде «падишах» сөзі «патшалардың патшасы» деген ұғымды білдірген. Ал «сұлтан» – «билік, құдіреттілік» деген мағынаны береді, яғни тәуелсіз ақсүйек билеушінің атағы.

Қазақ және орыс тілдеріндегі мақал-мәтелдерінің өзара ұқсастықтары мен көптеген айырым белгілері бар. Олардың барлығы әрбір халықтың салт-дәстүрлері мен рухани мәдениеттердің ерекшеліктеріне байланысты. Бұл белгілер сол халықтардың тілінде, дінінде айқын көрініс табады. Туыс емес тілдердегі бірқатар мақал-мәтелдердің өзара мағыналас болып келуі, қазақ және орыс халықтарының өмір тәжірибесінің, көзі жетіп, көкейіне түйген ой-тұжырымдарының ұқсастығымен, астастығымен байланысты. Тіл-тілдегі мақал-мәтелдер әрбір халықтың тұрмыс-тіршілігі, дүниетанымы мен әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі жөнінде ақпарат көзі, яғни дүниенің тілдік бейнесі болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 **Адамбаев, Б.** Халық даналығы. Қазақ мақал-мәтелдері мен шешендік сөздер. – Алма-Ата : Мектеп, 1976. – 260 б.
- 2 **Гребнев, Н.** Қазақ және орыс мақал-мәтелдер жинағы. – Алма-Ата : Жазушы, 1987. – Б. 75.
- 3 Славянская мифология: энциклопедический словарь. – Москва : Международные Отношения, 2002. – 512 с.
- 4 Қазақстан: ұлттық энциклопедия. – Алматы : Арыс, 2005. – 272 б.
- 5 **Севортян, Э. В.** Этимологический словарь тюркских языков. – Москва : Наука, 1980. – 395 с.
- 6 Ислам энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы : Аруана, 2010. – 322 б.

С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті,
Павлодар қ. Материал 04.12.12 редакцияға түсті.

Н. А. Шахметова, М. О. Кумысбаева

**Лингво-культурные особенности перевода пословиц и поговорок
(на основе казахского и русского языков)**

Павлодарский государственный университет
имени С. Торайгырова, г. Павлодар.
Материал поступил в редакцию 04.12.12.

N. A. Shakhmetova, M. O. Kumysbayeva

Linguo-cultural features of proverbs and sayings in translation (kazakh and russian languages)

Павлодар State university named after S. Toraigyrov,
Pavlodar. Material received on 04.12.12.

В настоящей работе выявляются лингво-культурные особенности перевода пословиц и поговорок. Пословицы и поговорки отражают особенности психологии, культуры того или иного народа, следовательно, формируют национальную картину мира.

This work (paper) describes lingvo-cultural features of translation of proverbs and sayings. Proverbs and sayings reflect the features of psychology, culture of different people and therefore form national vision of world.

НАШИ АВТОРЫ

Айтказина Толкын Дуйсенбеккызы – магистр филологии, старший преподаватель, Павлодарский государственный университет имени С. Торайгырова, г. Павлодар.

Амренова Гульнара Ленесовна – учитель английского языка, Общеобразовательная средняя школа № 25.

Брицын Виктор Михайлович – д.ф.н., профессор, Институт языковедения имени А.А. Потебни, Национальная академия наук, г. Украина.

Дементьев Вадим Викторович – д.ф.н., профессор, Саратовский государственный университет, Россия.

Демесинова Галина Хатиповна – к.ф.н., доцент, зав.кафедрой «Теории и практики перевода», Павлодарский государственный университет имени С. Торайгырова, г. Павлодар.

Дьячок Н. В. – Горловский институт иностранных языков Донбасский государственный педагогический университет, г. Горловка, Украина.

Жусуп Куандык Пазылович – д.ф.н., профессор, Павлодарский государственный университет имени С. Торайгырова, г. Павлодар.

Жусупов Нартай Куандыкович – д.ф.н., профессор, зав.кафедрой «Казахской филологии», Павлодарский государственный университет имени С. Торайгырова, г. Павлодар.

Досанов О. С. – магистрант кафедры «Казахской филологий», Павлодарский государственный университет имени С. Торайгырова, г. Павлодар.

Иост Ольга Александровна – к.ф.н., доцент, профессор, Павлодарский государственный университет имени С. Торайгырова, г. Павлодар.

Капанова Д. Е. – к.ф.н., доцент, Павлодарский государственный университет имени С. Торайгырова, г. Павлодар.

Каримова Камар Кабиденовна – к.ф.н., доцент кафедры «Теории и практики перевода», Павлодарский государственный университет имени С. Торайгырова, г. Павлодар.

Карипов Б. С. – докторант PhD, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, г. Астана.

Кенжебалина Гульмира Негматовна – к.ф.н., доцент, зав. кафедрой «Русской филологии», Павлодарский государственный университет имени С. Торайгырова, г. Павлодар.

Кенжетеева Гулзира Кабаевна – к.ф.н., доцент кафедры «Теории и практики перевода», Павлодарский государственный университет имени С. Торайгырова, г. Павлодар.

Кулахметова Мергуль Сабитовна – к.ф.н., доцент кафедры «Иностранных языков», Павлодарский государственный университет имени С. Торайгырова, г. Павлодар.

Кумысбаева М. О. – студент, Павлодарский государственный университет имени С. Торайгырова, г. Павлодар.

Маслова Валентина Авраамовна – д.ф.н., профессор, Витебский государственный университет, Белоруссия.

Омарова А. Т. – студент, Павлодарский государственный университет имени С. Торайгырова, г. Павлодар.

Пименова Марина Владимировна – д.ф.н., профессор, зав. кафедрой «Общего языкознания и славянских языков», чл.-корр. САН ВШ, Кемеровский государственный университет, Россия.

Попович Ольга Александровна – к.ф.н., и.о. доцента кафедры «Русской филологии», Павлодарский государственный университет имени С. Торайгырова, г. Павлодар.

Сарсенбаева Алия Сериковна – магистр филологии, преподаватель кафедры «Иностранных языков», Павлодарский государственный университет имени С. Торайгырова, г. Павлодар.

Сарбалаев Жаксыбай Турсынович – к.ф.н., профессор, Павлодарский государственный университет имени С. Торайгырова, г. Павлодар.

Сарбалаев Е. Ж. – к.ф.н., начальник кафедры, Павлодарский юридический колледж, г. Павлодар.

Харченко Елена Александровна – магистр филологии, старший преподаватель кафедры «Иностранных языков» Павлодарской государственной университет имени С. Торайгырова, г. Павлодар.

Шапауов Алиби Кабыкенович – к.ф.н., доцент, зав.кафедрой «Казахской филологии», Кокшетауский государственный университет имени Ш.Ш. Уалиханова, г. Кокшетау.

Шахметова Назира Ахановна – к.ф.н., доцент кафедры «Русской филологии», Павлодарский государственный университет имени С. Торайгырова, г. Павлодар.

ПРАВИЛА ДЛЯ АВТОРОВ

(«ВЕСТНИК ПГУ», «НАУКА И ТЕХНИКА КАЗАХСТАНА»,
«ӨЛЖЕТАНУ- КРАЕВЕДЕНИЕ»)

1. В журналы принимаются статьи по всем научным направлениям в 1 экземпляре, набранные на компьютере, напечатанные на одной стороне листа с межстрочным интервалом 1,5, с полями 30 мм со всех сторон листа, название статьи: кегль - 14 пунктов и дискета со всеми материалами в текстовом редакторе «Word 7,0 (97, 2000, 2007) для WINDOWS».

2. Общий объем статьи, включая аннотацию, литературу, таблицы и рисунки, не должен превышать **8-10 страниц**.

3. Статья должна сопровождаться рецензией доктора или кандидата наук для авторов, не имеющих ученой степени. Для статей, публикуемых в Вестник химико-биологической серии, требуется экспертное заключение.

Статьи должны быть оформлены в строгом соответствии со следующими правилами:

1. УДК по таблицам универсальной десятичной классификации;
2. Название статьи - на казахском, русском и английском языках, заглавными буквами жирным шрифтом, абзац центrovанный;
3. Инициалы и фамилия(-и) автора(-ов), полное название учреждения;
4. Резюме на казахском, русском и английском языках: кегль - 10 пунктов, курсив, отступ слева-справа - 1 см, интервал 1,0; для Вестников химико-биологической серии требуется также экспертное заключение (см. образец);
5. Текст статьи: кегль - 14 пунктов, гарнитура - Times New Roman (для русского, английского и немецкого языков), KZ Times New Roman (для казахского языка).
6. Межстрочный интервал 1,5 (полуторный);
7. Список использованной литературы (ссылки и примечания в статье обозначаются сквозной нумерацией и заключаются в квадратные скобки). Список литературы должен быть оформлен в соответствии с ГОСТ 7.1-2003 (см. образец).

На отдельной странице

В бумажном и электронном вариантах приводятся:

- **сведения об авторе: - Ф.И.О. полностью, ученая степень и ученое звание, место работы** (для публикации в разделе «Наши авторы»);
- **полные почтовые адреса, номера служебного и домашнего телефонов, E-mail** (для связи редакции с авторами, не публикуются);
- **название статьи и фамилия (-и) автора (-ов) на казахском, русском и английском языках** (для «Содержания»).

1. Иллюстрации. Перечень рисунков и подрисовочные надписи к ним представляют по тексту статьи. В электронной версии рисунки и иллюстрации представляются в формате TIF или JPG с разрешением не менее 300 dpi.

2. Математические формулы должны быть набраны как Microsoft Equation (каждая формула - один объект).

3. Автор просматривает и визирует гранки статьи и несет ответственность за содержание статьи.

4. Редакция не занимается литературной и стилистической обработкой статьи. Рукописи, диски и дискеты не возвращаются. Статьи, оформленные с нарушением требований, к публикации не принимаются и возвращаются авторам.

5. Оплата за публикацию в Вестнике составляет 5000 (Пять тысяч) тенге.

6. Статью (бумажная, электронная версии, оригинал квитанции об оплате) следует направлять по адресу:

140008, Казахстан, г. Павлодар, ул. Ломова, 64, Павлодарский государственный университет имени С. Торайгырова, Издательство «Кереку», каб. 137

Тел. 8 (718-2) 67-36-69, (внутр. 147; 183)

Факс: 8 (718-2) 67-37-02.

E-mail: kereky@mail.ru

Наши реквизиты:

РГКП Павлодарский государственный университет им. С. Торайгырова	РНН 4 5 1 8 0 0 0 3 0 0 7 3 БИН 990 140 004 654
АО«Цеснабанк» Код сектора экономики – 6 Признак резиденства -1	ИИК 579 9 8 F T B 0 0 0 0 0 0 3 3 1 0 БИК T S E S K Z K A

УДК 316:314.3

А. Б. Есимова

СЕМЕЙНО-РОДСТВЕННЫЕ СВЯЗИ КАК СОЦИАЛЬНЫЙ КАПИТАЛ В РЕАЛИЗАЦИИ РЕПРОДУКТИВНОГО МАТЕРИАЛА

В настоящей статье автор дает анализ отличительных особенностей репродуктивного поведения женщины сквозь призму семейно-родственных связей.

Одной из актуальных проблем современности является проблема демографическая. Еще в XX веке исследователи активно занимались поиском детерминант рождаемости, выявлением факторов, определяющих реализацию репродуктивных планов семей, индивидов.....

Продолжение текста публикуемого материала.

Пример оформления таблиц, рисунков, схем:

Таблица 1 – Суммарный коэффициент рождаемости отдельных национальностей

	СКР, 1999 г.	СКР, 1999 г.
Всего	1,80	2,22

Диаграмма 1 – Показатели репродуктивного поведения





Рисунок 1 – Социальные взаимоотношения

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1 Этнодемографический ежегодник Казахстана. Статистический сборник. – А., 2006. – С. 424.

2 Бурдые, П. Формы капитала // Экономическая социология. – Т.3, №5. – 2002. – С. 66.

Место работы автора (-ов):

Международный Казахско-Турецкий университет имени Х.А. Яссави, г. Туркестан.

Материал поступил в редакцию 20.09.12.

А.Б. Есимова

Отбасылық-туысты қатынастар репродуктивті мінез-құлықты жүзеге асырудағы әлеуметтік капитал ретінде

Қ. А. Ясауи атындағы Халықаралық казак-түрік университеті, Түркістан қ.
Материал 20.09.12 редакцияға түсті.

A.B. Yessimova

The family-related networks as social capital for realization of reproductive behaviors

К. А. Yssawi International Kazakh-Turkish university, Turkestan.
Material received on 20.09.12.

Бұл мақалада автор Қазақстандағы әйелдердің отбасылық-туыстық қатынасы арқылы репродуктивті мінез-құлықты айырмашылықтарын талдайды.

In given article the author analyzes distinctions of reproductive behaviour of married women of Kazakhstan through a prism the kinship networks.

Теруге 14.01.2013 ж. жіберілді. Басуға 11.02.2013 ж. қол қойылды.
Форматы 70x100 1/16. Кітап-журнал қағазы.
Көлемі шартты 12 б.т. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.
Компьютерде беттеген А. Елемескызы
Корректорлар: Б.Б. Әубәкірова, А. Елемескызы, Ә.Р. Омарова
Тапсырыс № 1962

Сдано в набор 14.01.2013 г. Подписано в печать 11.02.2013 г.
Формат 70x100 1/16. Бумага книжно-журнальная.
Объем 12 ч.-изд. л. Тираж 300 экз. Цена договорная.
Компьютерная верстка А. Елемескызы
Корректоры: Б.Б. Аубакирова, А. Елемескызы, А.Р. Омарова
Заказ № 1962
«КЕРЕКУ» баспасы
С. Торайғыров атындағы
Павлодар мемлекеттік университеті
140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.
67-36-69
E-mail: publish@psu.kz
kereky@mail.ru